



БҰҰ: ҚАУҚАРЫ ҚАЙТТЫ МА, ӘЛДЕ?..

24 қазан – Біріккен Ұлттар Ұйымы күні. 1945 жылдың 24 қазанында осы ұйымның Жарғысы ресми түрде күшіне енген еді. Алайда жаһан халықтарының басын қосатын, жылағанның көз жасын сүртіп, зорлықшылды тежеуге тиіс деп танылған ірі ұйымның бас хатшысы «персона нон грата» деп танылып, бітімгерлеріне қарата оқ атылып жатыр.

→ 10



ҚИЫНДЫҚҚА ТОЛЫ ҚЫЗМЕТ



Бүгін еліміздің азаматтық қорғаныс органдарына 29 жыл толып отыр. Тарихқа көз жүгіртсек, 1995 жылы Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитет елдің табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар және азаматтық қорғаныс саласындағы уәкілеттік берілген орталық атқарушы орган ретінде құрылған болатын. Осы күн азаматтық қорғау жүйесінің кәсіби мерекесі – Құтқарушылар күні болып белгіленді.

→ 12

Тәртіп кеткен жерде тұрмыс тоқырайды, тірлік қожырайды. Елдің тұтастығы, мемлекеттің мығымдығы, қоғамның қауіпсіздігі тәртіпке сүйенеді. Осы орайда Ішкі істер министрлігінің бастамасы ел ішінде пікірталас туғызды. Оған сәйкес, халыққа төлемнің жаңа түрі енгізілмек. Яғни, кез келген жерде ұсақ қылмысты телефон камерасына түсіріп, полицияға жолдағандар сыйлықақы алады. Осы іспен тұрақты айналысса, грантпен университетке түседі, жұмысында сыйақы алады, қоғамдық көлікте тегін жүреді. Сөйтіп, елде «полицияның қоғамдық көмекшісі» институты нығайтылады.

→ 5

ТӘРТІПКЕ ҮЛЕС ҚОСҚАН ТӨРГЕ ОЗАДЫ




• БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

ҚАДАҒАЛАУҒА ҚҰЛЫҚСЫЗ БОП ТҰРМЫЗ



→ 7

ЖҮСІПБЕКТИҢ ЖАН ІЛІМІ



→ 8

19 ҚАЗАН 2024 | СЕНБІ



ТҰРҒЫН ҮЙ САЯСАТЫНА – ЖАҢА РЕФОРМА

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палата отырысы өтті. Онда сенаторлар тұрғын үй саясатын реформалау туралы заңды қарады және өздерінің депутаттық сауалдарын жолдады.

Отырыс барысында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй саясатын реформалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң екі оқылымда қаралды. Азаматтардың тұрғын үй жағдайларын жақсарту үшін аталған заң арқылы Қазақстан Республикасының 5 кодексіне және 16 заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Заң аясында Отбасы банкінің ұлттық даму институты ретінде қайта құру көзделіп отыр. Бұл ретте жергілікті атқарушы органдардың мұқтаждар үшін тұрғынжайды есепке алуды, қоюды және бөлуді жүзеге асыру жөніндегі функциялары банкке беріледі. Сондай-ақ тұрғын үйге мұқтаждар туралы мәліметтерді қамтитын, басқа да мемлекеттік дерекқорлармен интеграцияланған «Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы» электрондық базасын қалыптастыру, жүргізу, мониторингілеу және өзектендіру жөніндегі функциялар да аталған банкке жүктеледі.

Халықтың әлеуметтік осал топтары өкілдерінің мүдделерін қорғау үшін заң арқылы баспанаға мұқтаж жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды олар кәмілетке толғаннан кейін де есептен шығаруға жол бермейтін бап ұсынылды. Одан бөлек, мүгедектігі бар балалар тәрбиелеп отырған отбасылар балалары кәмілетке толғаннан немесе олар қайтыс болғаннан кейін, «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі «Ана даңқы» ор-

дендерімен наградталған көпбалалы аналар, көпбалалы отбасылар балалары кәмілетке толғаннан немесе қайтыс болғаннан кейін, толық емес отбасылар балалары кәмілетке толғаннан кейін, жесір әйелдер (тұл ер адамдар) балалары кәмілетке толғаннан немесе олар қайтыс болғаннан кейін және тағы басқа заңмен белгіленген тұлғалар тұрғынжайға мұқтаждар есебінен шығарылуға жатпайды.

Сондай-ақ мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғын үйлердің жалпы көлемінің кемінде 70 пайызы бірінші кезектегі құқығы бар азаматтарға, оның ішінде соғыс ардагерлеріне, I және II топтағы мүгедектерге, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, көпбалалы отбасыларға, жесірлерге (тұл ер адамдарға) және басқа да осал санаттарға берілетін норма енгізіледі. Жер кодексі шеңберінде жер учаскелерінің барлық меншік иелеріне оның нысаналы мақсаты өзгерген кезде жер учаскесінің кадастрлық (бағалау) құнына тең соманы бөліп төлеуді беру көзделеді.

Жалпы, сенаторлар заңды концептуалды түрде қолдады. Алайда олар құжатты қарау кезінде меншік иесі тұрғын үйді коммуналдық тұрғын үй қорынан алған кезде коммуналдық меншікке берілуге тиіс апатты деп танылған жалғыз тұрғын үйді беру жөніндегі норманы нақтылау бөлігінде түзетулер енгізді. Бұдан басқа, республикалық маңызы бар қалалардың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың әкімдіктерімен ұқсас елорда әкімдігіне жергі-

лікті бюджет қаражатынан сыртқы қабырғаларды реконструкциялау, ағымдағы немесе күрделі жөндеу жөніндегі құзыретті бекітуге қатысты түзетулер ұсынылды. Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге мұқтаж деп танылған азаматтар үшін өтпелі жағдайды көздейтін заңның 2-бабы бойынша да түзетулер қарастырылды. Осыған байланысты Сенат депутаттары заңды өздері ұсынған түзетулермен Мәжіліске қайтару туралы шешім қабылдады.

«Мемлекет басшысы халықтың әлеуметтік жағдайы мен тұрмыс сапасын жақсартуға үнемі баса мән беріп келеді. Осы ретте бүгін қаралған заң арқылы тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды баспанамен қамтамасыз етудің тиімділігін арттыруды көздейтін түзетулер топтамасы мақұлданып отыр. Соның аясында Отбасы банкінің құзыреті кеңейтіліп, оған Ұлттық даму институты мәртебесі беріледі. Өзгерістерге сәйкес, Отбасы банкі тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке қою және тұрғын үйді бөлу функцияларын атқарады. Сондай-ақ барлық мәліметті қамтитын бірыңғай республикалық электрондық базаны жүргізеді. Осы және басқа да түзетулер бұл саладағы жариялық пен ашықтықты қосымша қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Тұрғын үй заңнамасын жетілдіруді көздейтін бірқатар өзге де түзету мақұлданды. Заңды қарау барысында сенаторлар өздерінің ұсыныстарын да жеткізді. Олар тұрғын үйге мұқтаждардың тізімінде тұрған жекелеген санаттағы азаматтардың мүдделерін қорғауға арналған. Алдағы уақытта заң тұрғын үй жағдайларын жақсартуға арналған мемлекеттік қолдау шараларын жетілдіруге өз септігін тигізеді деп сенеміз», – деді Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар палата отырысында сенаторлар депутаттық сауалдарын жолдады.



МӘЖІЛІС ТАСЫМАЛДАУҒА ҚАТЫСТЫ ЗАҢДЫ ҚАРАЙДЫ

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен бюро отырысы өтіп, алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды.

Бірінші оқылымда депутаттардың талқылауына жолаушыларды автомобильмен тасымалдау саласындағы кейбір мемлекеттік функцияларды міндетті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттеуге беру мәселелері туралы заң жобасы ұсынылады. Бәсекелестік ортаға жолаушыларды облысаралық және халықаралық тұрақты тасымалдауды, тұрақты емес тасымалдауларды, сондай-ақ такси қызметін ұйымдастыру бойынша бірқатар мемлекеттік функцияны беру көзделген. Осыған байланысты «Көлік туралы», «Автомобиль көлігі туралы», «Астана мәртебесі туралы», «Рұқсаттар мен ха-

барламалар туралы», «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңдарға өзгерістер енгізу қарастырылады.

Сондай-ақ күн тәртібі жобасына Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде ауыл шаруашылығы өніміне арналған қоймалық куәліктерді шығару (беру), олардың айналысы және өтелу қағидалары туралы келісімді ратификациялау туралы заң жобасы енгізілді. Құжат ауыл шаруашылығы саласындағы ынтымақтастық пен өзара сауданы дамытуға бағытталған.



10 МЫҢ ТУ ІЛІНЕДІ

Елімізде үшінші жыл қатарынан «Менің Елім – Менің Туым» акциясы өтіп жатыр, ол Мемлекеттік Туды насихаттауға бағытталған. Ұлттық мереке – Республика күні қарсаңында «AMANAT» партиясының «Жастар Рухы» жастар қанатының белсенділері еліміз бойынша 10 мыңға жуық Туды ілуді жоспарлап отыр.



Баршаға белгілі, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен Республика күніне ұлттық мереке мәртебесі қайтарылды. 1990 жылы 25 қазанда Қазақстанның Мемлекеттік Егемендігі туралы декларация қабылданып, ол Тәуелсіздікке бастар маңызды алғашқы қадам болды.

«Біз Туды ілу арқылы патриотизмді көрсетіп қана қоймай, азаматтардың ортақ ұлттық құндылықтар төңірегіндегі бірлігін көрсеткіміз келеді. Мәселен, тек Астананың өзінде жергілікті әкімдіктің қолдауымен қала ішінде жүздеген Қазақстан Туын ілуді жоспарлап отырмыз», – деді «Жастар Рухы» аумақтық ұйымдастыру жұмыс басқармасының жетекшісі Инжу Байшүкенова.

Айта кету керек, акцияға қараймын қазақстандықтар да қаты-

суда. Олар Туды үйлеріне, қоғамдық орындарға ілуде, тіпті көліктерін де Тумен безендіруде. Кәсіпкерлер де шет қалмай, Мемлекеттік Туды дүкендеріне, мейрамханаларына, цехтары мен шаруа қожалықтарына орнатуда. Акцияға астаналық көпбалалы ана Наргиз Ернарқызы да қосылды.

«25 қазан – мен үшін ғана емес, әрбір қазақстандық үшін маңызды тағдырлы мереке. Көптеген елдерде халық осылай өз Туын іліп, Отанға құрметін білдіріп жатады, біз де осылайша Қазақстанда мемлекеттік Туымызға, өз елімізге деген сүйіспеншілігімізді көрсете аламыз. Біз – біргеміз!» – деді ол.

«Менің Елім – Менің Туым» акциясына барлығы 1000-нан астам «Жастар Рухы» белсендісі қатысуда, олар 10 мың Туды барлық өңірде ілуді жоспарлап отыр.

БАҒДАР

19 ҚАЗАН 2024 | СЕНБІ

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

«АМАНАТ» партиясы жанындағы Экологиялық кеңес отырысында өнеркәсіптік қалдықтарға қатысты өзекті мәселелер талқыланды. Депутаттар, сарапшылар және бизнес өкілдері өнеркәсіп қалдықтарына, оның ішінде жылу электр стансаларынан шығарылатын күл үйінділеріне қатысты өзекті мәселелерді назарға алып, оларды қайта өңдеу бойынша нақты шаралар ұсынды. Экологиялық зиянды азайту және инновациялық технологияларды енгізу мәселелеріне баса назар аударылды.

Кеңес төрағасы, Мәжіліс депутаты Бауыржан Смағұлов тау-кен өнеркәсібі қоршаған ортаға айтарлықтай әсер ететінін атап өтті. Ол қайта өңдеу мәселесі жүйелі тәсіл мен көп шығынды қажет ететінін, алайда оған атүсті қараған жағдайда ұзақмерзімді экологиялық проблемаға тап болуымыз мүмкін екенін тілге тиек етті. Депутат Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев экономика-мызды декарбонизациялау және көміртегі бейтараптығына қол жеткізу мәселелерінің маңызына бірнеше рет назар аударғанын еске салды.

«Тау-кен өнеркәсібі — Қазақстан экономикасының өзегі. Алайда ол қоршаған ортаға айтарлықтай әсер етеді. Бұл дегеніміз — экожүйелердің бұзылуы, су айдындарының лас-тануы және жер ресурстарының сарқылуы. Ондаған жыл бұрын салынған қалдық қоймалары бүгінде топырақ пен суға улы заттар бөлінуі мүмкін қауіп көзі саналады. Мұндай нысандарды қалпына келтіру — ондаған жылға созылуы мүмкін күрделі әрі қымбат процесс. Алайда біз ескі нысандарды қалпына келтіруге ғана емес, сонымен қатар жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың әсерін азайтуға да баса назар аударуымыз керек. Бұл жай ғана экологиялық міндет емес, бұл — ұлттық қауіпсіздік мәселесі», — деді ол.

Мәжіліс депутаты, «АМАНАТ» фракциясының мүшесі Арман Қалықов Қазақстанда жинақталған қалдықтар көлемі туралы мәлімет беріп, минералды түзілімдерді қайта өңдеу үшін жана технологияларды дамыту қажет екенін атап өтті. Оның айтуынша, ескі технологиялар бүгінде барлық пайдалы компоненттерді алу міндетін орындай алмайды. Бұл өз кезегінде қосымша тәуекел туындайды.

«Қазақстанда 60 млрд тоннадан астам қалдық бар. Оның басым бөлігі — тау-кен өндіру және байыту барысында пайда болған жыныстар және өзге де минералды түзілімдер. Заманауи технологиялар бұл қалдықтарды 10-20 жыл бұрынғы технологиялармен салыстырғанда, әлдеқайда тиімді өңдеуге мүмкіндік беретінін түсіну маңызды. Тау-кен және металлургия өнеркәсібі қалдықтары жол құрылысы мен цемент өнеркәсібінде пай-

далануда зор әлеуетке ие. Домна пештері мен болат балқытатын шлактар маңызды қосалқы ресурстарға айналуы мүмкін, бұл жана материалдарды пайдалану көлемін әлдеқайда азайтады. Алайда ауқымды проблема бар. Ол — тасымалдау шығыны. Қалдықтар іске жарататын жерден неғұрлым алыс болса, оны пайдалану да соғұрлым тиімсіз болмақ», — деді ол.

Экологиялық кеңес төрағасының орынбасары Елдос Абақанов шағын және орта бизнестің қалдықтарды қайта өңдеуге мүдделілігіне қатысты мәселе көтеріп, қолданыстағы заңнама экологиялық проблемаларды шешу кезінде инвесторларды тартуға әрдайым тиімді мүмкіндік бермейтінін атап өтті.

«Бүгінде шағын және орта бизнестің өнеркәсіптік қалдықтарды қайта өңдеуге деген қызығушылығы артып келе жатқанын көріп отырмыз, алайда көптеген кәсіпорындар заңнамалық кедергілерге тап болады. Мысалы, ірі табиғат пайдаланушылар қалдықтарды бәсекелестік негізде өңдеуге беруге дайын емес. Біз қайта өңдеу жұмысын ынталандырып, шағын және орта бизнеске көбірек мүмкіндік беруіміз керек. Бұған қайта өңдеу тендерлері де, қалдықтарды өндірістік мақсатта пайдалану құқығын беруді жеңілдету бойынша заңнамалық бастамалар да кіруі мүмкін. Экономика мен экологияның қатар жүруі және қайта өңдеу тек міндеттеме емес, пайдалы бизнеске айналуы маңызды», — деді ол.

Сонымен қатар Елдос Абақанов Экологиялық кодекс пен Жер қойнауы кодексі арасындағы қалдықтарды қайта өңдеуді қиындататын заңнамалық қақтығыстарға назар аударды. Бір кодекс оларды қайта өңдеуге арналған құнды ресурс ретінде, ал екіншісі, көмілетін қалдықтар ретінде қарастырады. Бұл заңнамалық екіштылық тудырып, кәсіпорындарға қосарланған салық жүктейді.

Отыроста көмір генерациясы арқылы жұмыс істейтін ЖЭО-дан шығарылатын күл үйінділері проблемасына ерекше назар аударылды. Мәжіліс депутаты, «АМАНАТ» фракциясының мүшесі Вера Ким Қазақстандағы Павлодар және Қарағанды сияқты ірі қалалар



күл үйінділеріне көміліп бара жатқаны, бұл өз кезегінде тұрғындар денсаулығына айтарлықтай қауіп төндіретіні туралы егжей-тегжейлі айтып берді.

«Күл үйінділері — көмір өндіретін қалалар үшін ең маңызды экологиялық проблемалардың бірі. Мысалы, Павлодар облысында жыл сайын шамамен 3,2 млн тонна күл-қож қалдықтары жиналады. Бұл қалдықтар қоршаған ортаны ластап қана қоймай, адамдардың денсаулығына тікелей әсер етеді. Улы заттар жерасты суларына араласып, ұсақ бөлшектері шаң-тозаңға айналып, ұзақ қашықтыққа жылдам таралады. Бұл өз кезегінде тұрғындарды тыныс алу органдары ауруларына шалдықтырады. Осы қалдықтарды қайта өңдеудің тиімді бағдарламасын дереу әзірлеуіміз керек. Құрылыс материалдарын өндіру барысында күл қождарын қолдану қаламы — осы мәселені шешу жолдарының бірі. Жеке компаниялар бұл ресурстарға оңай қол жеткізіп, оны шаруашылық қажеттілікке жарата алуы үшін заңнамалық процестерді жеделдету маңызды», — деді ол.

Бұдан соң «ҚазМұнайГаз» АҚ еңбек және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры Қайрат Сейтмағамбетов компания жинақталған мұнай қалдықтарын қалай кәдеге жаратып жатқаны туралы айтып берді. Ол ластанған аумақтарды қалпына келтіру жұмысы ауқымды инвестицияны қажет ететінін, алайда бұл мәселе компания үшін басым бағыт саналатынын атап өтті.

«Біздің полигондарда 1 млн тоннадан астам мұнай шламы жинақталған және 2016 жылдан бері оны белсенді кәдеге жаратып келеміз. Кейінгі жылдары біз 630 мың тоннаға жуық қалдықты қайта өңдеп, бірнеше полигонды тазаладық. Дегенмен қалдық көлем әлі де көп. Біз оны жою жұмысын жалғастырамыз. Оның қоршаған ортаға әсерін азайту үшін динамикалық гравитациялық тазарту сынды озық технологияны енгізіп жатырмыз. Ластанған жерлерді тазарту және қалпына келтіру — бұл үздіксіз бақылау мен ауқымды қаржылық инвестицияны қажет ететін ұзақ процесс. Экологиялық жауап-

кершілік барлық өнеркәсіптік компания үшін басымдық болуы керек деп санаймыз», — деді ол.

Қазақстанның экологиялық ұйымдары қауымдастығының басқарма төрағасы Айгүл Соловьева қалдықтарды қайта өңдеу проблемасын шешу үшін мемлекет, бизнес және ғылыми қоғамдастық арасындағы өзара іс-қимылды жақсарту қажет екеніне назар аударды. Ол жана зерттеулер жасаудың және ескі әзірлемелерді жаңартудың маңызын атап өтті.

«Біз бұрынғы ғылыми жетістіктерімізге оралып, оларды заманауи міндеттерге бейімдеуіміз керек. Қазақстан өнеркәсіптік қалдықтарды қайта өңдеу ісінде өркез көшбасшы болып келді. Енді осы тәжірибені қайтару қажет. Сондай-ақ ғылыми-зерттеу жұмыстарының практикалық негізге ауысуы және теория ғана емес, экономика мен экологияға да пайда әкелуі үшін ғылыми институттармен өзара іс-қимыл жасау өте маңызды», — деді ол.

Qarmet АҚ-ның экологиялық мәселелер жөніндегі директоры Мадина Қуантаева қалдықтарды зерттеу және оларды қайта өңдеу технологияларын әзірлеу үшін аккредиттелген өнеркәсіптік зертханалар құру қажет екеніне назар аударды.

Ол 2025 жылға қарай компания домна және болат балқыту қожын қоса алғанда, қалдықтарды қайта өңдеу көлемін ұлғайтуды және қайта өңделген қалдықтарды пайдалана отырып, темірбетон бұйымдарын өндіру жұмысын айтарлықтай дамытуды жоспарлап отырғанын атап өтті. Оның айтуынша, компания өндірістік қуаттылықты жаңғыртуға шамамен 3,5 миллиард АҚШ долларын инвестициялауды жоспарлап отыр.

Отырсы қорытындысы бойынша Үкіметке қалдықтарды қайта өңдеуді ынталандыруға, инвесторларды тартуға және ғылыми қоғамдастықты экологиялық жобаларға белсенді тартуға бағытталған ұсынымдар әзірленді. Қатысушылар экономикалық және экологиялық мүдделерді біріктіретін кешенді тәсіл қажет екенін атап өтті.

ТАЗАЛЫҚ – РУХАНИ ТӘРБИЕ КӨРІНІСІ

«АМАНАТ» партиясы Қазақстанның барлық өңірінде кезекті «Таза бейсенбі» экологиялық акциясын өткізді. Іс-шара Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы аясында ұйымдастырылды. Игі іске партия мүшелері, депутаттар, еріктілер және жергілікті тұрғындар қатысып, тазалық жұмыстары кең көлемде жүргізіліп келеді.

Абай облысының Аягөз ауданында тазалық шаралары Кіші Аягөз өзені мен Битан тау аумағында өтті. 100-ге жуық адам қатысқан бұл акция барысында 100-ден аса қап коқыс шығарылды.

«Тазалық — экологиялық мәселе ғана емес, рухани тәрбиенің бір көрінісі. Әрбір азамат қоршаған ортаны таза ұстауға міндетті. Біздің акцияларымыз арқылы жастарға дұрыс үлгі көрсетіп, экологиялық мәдениетті қалыптастырамыз», — деді аудандық мәслихат төрағасы Архат Ибрайшин.

Экологиялық акция арнайы белгіленген жерлерде өтеді. Мәселен, Жетісу облысы Көксу ауданында өткен тазалық жұмыстарына 70-ке жуық адам қатысып, бұл жолы көшелер, қоғамдық орындар және өзен жағалаулары коқыстан тазартылды.

«Мемлекет басшысының бастамасын қолдау арқылы біз өз денсаулығымызды ғана емес, болашақ ұрпақты тазалыққа, жауапкершілікке үйретіп келеміз. Бүгінгі шара бір реттік емес, жыл соңына дейін жалғасын тауып, экологиялық мәдениетімізді қалып-

тастыруымызға септігін тигізеді деп есептеймін», — деді Көксу аудандық партия филиалының төрағасы Мәлік Аманбайұлы.

Сондай-ақ Жамбыл облысында ұйымдастырылған экоакцияға «АМАНАТ» партиясының облыстық филиалының қызметкерлері, «Жастар Рухы» жастар қанатының белсенділері мен волонтерлер қатысты. Олар Тараз қаласының «Көктем» алқабындағы заңсыз тасталған тұрмыстық қалдықтарды тазалады. Сондай-ақ қураған ағаштарды қала сыртына шығаруға үлесін қосты.

Осылайша, аманаттықтар бір күннің ішінде 10 тоннаға жуық коқыс шығарды. Жалпы, «Таза Бейсенбі» акциясы басталған уақыттан бері өңірде 3 мың тоннадан астам коқыс жиналды.

«Бұл акция тазалық жұмыстарын жүргізу ғана емес, тұрғындардың экологияға деген көзқарасын өзгертуге бағытталған. Әрбір азамат табиғатты қорғауға жауапты, сондықтан қаламызды таза ұстауға шақырамыз», — деді партияның әл-Фараби аудандық

филиалының атқарушы хатшысы Ердаулет Жүнісбек.

Еліміздің бас шаһары — Астана қаласының Нұра ауданында да кезекті тазалық жұмысы ұйымдастырылды. Партияның Нұра аудандық филиалының атқарушы хатшысы бастаған 30-ға жуық адам саябақ пен скверлерді коқыстардан арылтты. Акция барысында қатысушылар аумақты тазалап қана қоймай, қала тұрғындарына экологиялық мәдениетті қалыптастырудың маңыздылығын түсіндірді.

Бұдан бөлек, Алматы қаласындағы Алатау ауданында да тазалық жұмыстары жүргізілді. 20-ға жуық адам Шаңырақ-1 шағынауданының аумағын тазарту жұмыстарына атсалысты. Алатау аудандық филиалының төрағасы Жарқын Алдамбергенова акцияның тұрақты түрде өткізіліп жатқанын және әрбір тұрғынды қоршаған ортаны қорғауға үлес қосуға шақыратынын атап өтті.

Дайындаған Әсет ҚАЛИ

МӘСЕЛЕ

19 ҚАЗАН 2024 | СЕНБИ

«Арқада қыс жайлы болса, арқар ауып несі бар» демекші, теріскей облыстардағы халық санының азаюын, бір кездері құт қонып ақар-шақар болып жататын ауылдардың қазір қаңырап қалғанының себебін біреулер жұмыссыздықтан көрсе, біреулер табиғаттың қаталдығынан, енді бірі ауылдағы ағайынның қалаға қарай көшуі салдарынан деп пайымдайды. Тәуелсіздіктің соңғы ондаған жыл ішінде теріскей жұрты бірнеше есе кеміген. Әсіресе, шекараға жақын аумақтардағы тұтас ауылдар жаппай бос қалып, тек қирандыға айналған үйлер мен ауылдардың жанындағы қараусыз қалып құрай мен ошаған басқан зираттардың қалып жатқаны ащы да болса шындыққа айналған...



ЖАЛАҢАШТАНҒАН АУЫЛҒА ЖАН БІТІРЕР ЖОБА КЕРЕК

А Абзал
АЛПЫСБАЙҰЛЫ,
Ақмола облысы

Тек соңғы он жыл ішінде ғана елімізде 600-ге жуық ауыл жойылып кеткен. Мұндай мәліметті Ұлттық экономика министрі осы жылдың наурызында жария еткен. Министрдің мәліметінше, елімізде қазір 6 256 ауылды елді мекен бар. Онда шамамен 7,6 миллион халық тұрып жатыр.

Министрлік мұның негізгі себебі ауылдардағы күнкөріс деңгейінің тым төмендігімен түсіндіреді. Ауылдардағы кіріс деңгейі төмен адамдардың үлесі 7,2 пайызды, ал жұмыссыздық 4,7 пайызды көрсеткен. Оның ішінде өзін-өзі жұмыспен қамтығандар – 33 пайыз, яғни 1,2 миллионды құрап отыр. Министрлік «Әкімшілік-аумақтық құрылым туралы» заңның талаптарына сәйкес жүргізілген жұмыс қорытындысы бойынша соңғы он жылда ауылды елді мекендердің саны 6 838-ден 6 256-ға дейін немесе 582 ауылға азайғанын растады. Жойылған ауылдардың қатарына негізінен 50 адамнан аз адам тұрған ауылдар кірген. Олардың халқы жақын маңдағы елді мекендерге қосылған.

Ауылдары қаңырап, туу көрсеткіші жыл санап ылдига қарай құлдырап бара жатқан аймақ негізінен теріскей облыстар болып отыр. 2017 жылдан бастап «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасын қолға алып, халқы біршама тығыз қоныстанған оңтүстік өлкелерден жұртын теріскейге қоныстандыруға күш салды. Сондай-ақ ата-жұртқа қайта оралған қандастарды да квота бойынша орналастыру саябырсығанымен, біртіндеп болса да жүргізіліп келеді. Дегенмен солтүстіктің халқының саны жылдан жылға азайып, демографиялық ахуал демігіп жатқаны анық. Өйткені теріскей

облыстарға көшіп келген жұрттың көпшілігі күнгейге қарай қайтып кеткені осы жайтты аңғартады.

Мәселен, Солтүстік Қазақстан облысының халқы қазір 525 мыңға жетебабыл. Ұлттық статистика бюросының дерегінше, туу көрсеткіші жөнінен республика бойынша ең төмен деңгейде. Халқының табиғи кемуі жылдан-жылға еселеп артып барады. Осы жылдың қаңтар-тамызында облыс аумағында туған балалар саны 3 414 адам болса, қайтыс болғандар 4 024 адамды құраған. Көші-қонның айырмасы да теріс сальдомен қалыптасып, 4 813 адамды құраған. Әсіресе, шекара

де қу тақырға айналып, онсыз да азғантай халық тұратын иен дала тұтастай жалаңаштанатыны айдан анық.

Түйткілді мәселе «Құлтөбенің басында» күнде көтеріледі. Мәселен, осы жылдың ақпанында дәл осы тақырыпты қаузаған Үкімет сағаты өткен. Сол жиында Мәулен Әшімбаев теріскей облыстарды жаппай қамтыған жағдайдың басын ашып, баян етті. Оңтүстіктің тығыз орналасқан халқын солтүстікке қоныстандыру мемлекеттік бағдарлама күткен нәтижені бермеген. Солтүстік Қазақстан облысының ғана халқы 22,43 пайызға азаюы осыған

орнымен жойылып кеткен. Былайша айтқанда, жау тиместен тұтас елді мекендердің тозған бөздей ыдырай сөгілуі шекаралық аймақтардың жаппай жалаңаштана бастауына жол ашқан. Мұнымен қоса, әрине жабылуға таяу қалған ауылдардың саны да жыл санап еселеп өсе бастаған. Облыстық статистика департаменті ондаған ауыл халқының саны 50-ден аспайтын, яғни «болшағы бұлыңғыр» ауылдардың қатарына енгенін растады. Ауылдардың жабылып, өңірлердің демографиялық ахуалының нашарлауына мектептерде балалар санының азайып, білім ордаларының да жабылуы себеп болған. Биыл көші-қон айырмасы теріс болып, 1 300 адамға көшіп кеткен адамдардың саны көп болған.

Қостанай облысында да шекара маңында орналасқан ауылдардың жаппай қаңырап бос қалып жатқаны рас. Иесіз қалған ауылдардағы үйлер мен ғимараттар әбден тоналып, қирандыларға айналған. Мұнда да басты себеп – жұмыссыздық, ауызсу, жол, ұялы байланыс пен интернеттің жоқтығы.

Өңірдегі былтырғы жылғы есептерге сүйенсек, Қостанай картасынан жақын арада тағы 25 ауыл жойылып кетпек. Атап айтқанда, Жітіқара ауданында бір ауыл, Қарабалық ауданында тоғыз ауыл, Қарасу ауданында екі ауыл, Мендіқара ауданында бес ауыл, Сарыкөл ауданында үш ауыл, Федоров ауданында бес ауыл карта бетінен сызылады.

Демографиялық ахуал теріскей аймақтардың бірі Павлодар облысында да демігіп тұр. Соңғы дерек осы жылдың I қыркүйегіндегі жағдай бойынша облыста 752,9 мың адам бар. Халықтың туу көрсеткіші бұл өңірде де аса төмен. Жыл сайын 6,5-7 пайызға дейін төмендеп кеткен. Керісінше, өлім көрсеткіші мен қартаю ұлғая түскен. Сонымен қатар

Павлодар облысында да көші-қон саласында теріс сальдо болып тұр. Көшіп келушілерге қарағанда 2 534 адамға көп болған. Негізінен, тұрмыс-тіршіліктің қамымен басқа өңірлер мен елдерге көшіп кеткен. Көшіп кетушілердің негізгі бөлігі бұл өңірде де ауылды аймақтардан болып отыр.

Теріскей аймақтардың бәрінде жалаңаштанған шекараға таяу ауылдар экономикалық тиімсіздіктен ауызсу, жол, жарық сияқты қарапайым игіліктерден де ада қалған. Салдарынан қыста жолсыз, тіпті жедел жәрдем көмегісіз қалып жататын кездері аз болмайды. Түйткілді мәселе мемлекеттік деңгейде қолға алынған «Оңтүстіктен солтүстікке көш» мемлекеттік бағдарламасының да тиген септігі аз.

Оңтүстіктен қоныс аударушылар теріскейдегі демографиялық жағдайдың түзелуі әрі экономикасының қайта қалпына келуі үшін бірінші кезекте келген адамдардың өңірдің қара топырақты, сулы-нулы жерінде ауыл шаруашылығымен, мал шаруашылығымен айналысатын, осы салаларда өндірістен шыққан өнімді өңдейтін кәсіпорын ашуға бейім, сала мамандарын тарту арқылы бір оқпен екі қоян ату қажет деп есептейді.

Сол сияқты бір кездері болып, кейін алынып тасталған «Солтүстік коэффициентін» қосу қажеттігі де айтылмай қалмады. Өйткені расында да теріскей облыстардағы ішкі жалпы өнім мен халықтың қолына тиетін табысы өзге облыстарға қарағанда айтарлықтай төмен. Бұл да өз кезегінде өңірдегі адамның ыңғайы келсе жақсы мекен іздеп басқа аймақтарға, әсіресе қалалы жерлерге көшіп кетуіне себеп болатыны айтпаса да түсінікті.

Р.С. Қысқасы демографиясы деміккен, экономикасы әлсіз, халқының саны азая әрі қартаю бастаған теріскей аймақтардың тұрмысын түзеу бағытында бағдарламаның тиімділігін арттыру үшін Үкімет осыған дейін болған қателіктерден сабақ алып, жалаңаштана бастаған ауылдарды қайта қалпына келтіруге болатын әрі экономиканы әртарапты етуге мүмкіндік беретін тың жобасы бар жоспарды жүзеге асыруы әрі дереу қолға алғаны жөн деген ойдамыз...

Қостанай облысында да шекара маңында орналасқан ауылдардың жаппай қаңырап бос қалып жатқаны рас. Иесіз қалған ауылдардағы үйлер мен ғимараттар әбден тоналып, қирандыларға айналған. Мұнда да басты себеп – жұмыссыздық, ауызсу, жол, ұялы байланыс пен интернеттің жоқтығы.

маңындағы ауылдар жау тиместен ыдырай сөгіліп жатыр. Жыл сайын ондаған ауыл карта бетінен мәңгілікке сызылып, көзден бұл-бұл ұшып жатыр. Статистикалық деректердің әрбірінің артында қаншама ауылдардың ащы тағдыры тұрғаны әрі олардың жағдайы мемлекет бюджетінен тиімсіз болуынан жарық, жол, су сияқты қарапайым игіліктерден де ада қалып жатқаны ақиқат. Солтүстік Қазақстан облысында ғана биыл тұрғындарының жалпы саны 50-ден аспайтын ауылдардың саны 140-қа жеткен. Яғни, осынша ауыл бірнеше жыл ішін-

нақты айғақ болмақ. 2000 жылдардан бері ғана бұл облыста 170 мыңға жуық азайған. Яғни, еліміздің ірі қалаларының бірінің халқы тұтастай жоқ болған деуге болады.

Елорданың дәл іргесінде орналасқан Ақмола облысында да демографиялық ахуал тұншығып тұр. Тіпті, жыл санап ауылдардың жаппай жабылып, халқының азаюымен қатар «қартаю» дендеп келе жатқанын сырт көз бірден аңғара алады. Облыс аумағында 2019 жылы 602 ауыл болса, биылғы дерек бойынша 589 ауыл қалған. Яғни, өңірде соңғы 5 жылдың ішінде ғана 13 ауыл түп

Тәртіп кеткен жерде тұрмыс тоқырайды, тірлік қожырайды. Елдің тұтастығы, мемлекеттің мығымдығы, қоғамның қауіпсіздігі тәртіпке сүйенеді. Осы орайда Ішкі істер министрлігінің бастамасы ел ішінде пікірталас туғызды. Оған сәйкес, халыққа төлемнің жаңа түрі енгізілмек. Яғни, кез келген жерде ұсақ қылмысты телефон камерасына түсіріп, полицияға жолдағандар сыйлықақы алады. Осы іспен тұрақты айналысса, грантпен университетке түседі, жұмысында сыйақы алады, қоғамдық көлікте тегін жүреді. Сөйтіп, елде «полицияның қоғамдық көмекшісі» институты нығайтылады.

А Елдос СЕНБАЙ

Құқық қорғау органдарының ардагері Бердібек Физаттың түсіндіруінше, қоғамдық көмекші институты 2004 жылдан бері заңдастырылған түрде жұмыс істейді. Сол жылғы 27 қарашада Ішкі істер министрінің №641 бұйрығымен «Бақылау және қадағалау функцияларына байланысты емес, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларға азаматтарды тарту ережесі» бекітілді.

— Біз университеттерді аралап, студенттермен кездескенде, жастарды қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысуға үгіттейтінбіз. Ереже бойынша ондай адамдарға ішкі істер органының басшылығы белгілеген үлгідегі куәлік және «Полицияның қоғамдық көмекшісі» деген жазуы бар ерекше омырау белгісі беріледі. Жасыратыны жоқ, бұл тетік өз деңгейінде пәрменді жұмыс істеп кете қойған жоқ. Меніңше, бұқараны бюрократия үркітті. Көмекшілер алдымен жергілікті әкімдікке тиісті құжаттарын тапсыруы қажет. Ол тіркегеннен кейін аумақтық ішкі істер органының рәсімдерінен өтеді. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтар есепке алынады, — деді Б.Физат.

Оның айтуынша, бұл тұрғыда билік жергілікті атқарушы органдарға берілгендіктен, кейбір әкімқара өзін-өзі билемдікке салынып, жұртшылыққа сенімсіздік білдірген. Мысалы, азаматтық ұстанымы нық, принциптерге берік жергілікті қоғам белсенділерін көмекші ретінде тіркеуден бас тарту оқиғалары кездескен.

Сондай-ақ ереже бойынша қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтар өзімен бірге үнемі куәлігі мен ерекше омырау белгісін (жетон) қатар алып жүруге, тәртіп бұзушы талап етсе, көрсетуге міндеттелді. Көрсете алмаса, қоғамдық тәртіпке көмектесе алмайды.

КӨМЕКШІ БОЛУҒА ЕЛ НЕГЕ ҚЫЗЫҚПАДЫ?

Сала ардагері бұл тұрғыда АҚШ-тың тәжірибесін алға тартты. Онда мысалы, «шерифтің көмекшісі» лауазымы қарастырылған. Оларға жалақы төленеді, әлеуметтік қолдау, марапаттау-ынталандыру шаралары қарастырылған, тіпті қару алып жүруіне рұқсат етілген. Шерифтің орынбасарынан айырмашылығы сол, шерифтің көмекшілерінің саны көп болады. Мәселен, Лос-Анджелес округінің шериф департаментіне жеті мыңдай штаттық шериф көмекшісі жұмыс істейді. Мәртебесі жөнінен шерифтен 8

нытпайды. Мұның себептері жетерлік: қоғамды соған ынталандырудың нақты тетігі жоқ, құқықтық тәрбие беру жағы ақсап жатыр, белсенді азаматтық ұстаным тоқыраған. Сонымен қатар қоғамдық көмекшілердің және құрылымдардың құқықбұзушылықтардың алдын алуға қатысу тәртібі анықталмаған. Олардың нақты міндеттері мен бағыттары нақтыланбаған. Көпшілік жағдайда мұндай қоғамдық құрылымдардың қызметі үстірт, фор-

Төртіншіден, қоғамдық көмекшілер мен еріктілерге арнап, бизнес субъектілері адалдық бағдарламалары мен түрлі бонустық жүйелерді ұсынады. Тиісінше, ол адамдар сауда желілерінде тауарлар мен қызметтер бойынша жеңілдіктерге ие болады.

Бесіншіден, полицияға көмектесетін азаматтар ПИМ-нің, басқасының білім беру және біліктілікті арттыру бағдарламаларынан өтіп, жаңа мансабының іргетасын қалай алады. Соның

айыппұл сомасының 20%-ын құрайтын болады» деп жазылған. Шынында, құжаттың ақырғы (орысша) нұсқасында 20%-дан бас тартылыпты.

Қоғам белсендісі, кәсіпкер Александр Ольшевский 20%-дың көп екеніне назар аударғты. Мұны кейбір азамат, мысалы, блогерлер табыс табу көзіне айналдырып, тұрғындардың қыр-соңына түсуі, тіпті қылмысқа арандатуы мүмкін.

— Тұрғындар онсыз да жол жүрісі ережелерін бұзған, аулаларда қоғал-гүлзәрларға қойылған көліктерді видеоға түсіріп, полицияға тегін жолдап жатады. Мұндай әділеттілікке ұмтылыстарды қолдау керек, сонымен бірге пайдакүнемдікке дейін жеткізбейтін теңгерімді табу қажет. Құқық бұзушылар төлейтін айыппұлдың белгілі бір бөлігі соны әшкерелеген азаматтарға берілсе, бұл халықты ынталандырады, қылмысқа селқос емес, қырағы болуға үйретеді, ұсақ қылмысқа да төзбеушілікті, құқықтық мәдениетті қалыптастырады. Меніңше, мысалы, 5% жетеді. Бұл табыс емес, ынталандыру болуға тиіс, — деді қоғам белсендісі.

Германиялық BILD басылымы жуырда «домалақ арыз» боратып, миллионер болған 18 жасар Никлас Маттеидің хикаясын жариялады. Грэфенхайнихен қаласының тұрғыны көршілерінің әр қадамын аңдып, олардың құқықбұзушылықтары, көбіне көлігін дұрыс қоймағаны туралы 4 227 шағым жазған екен. Никластың айтуынша, «сөз тасу шебері» атанғалы ол 1 млн еуродан артық табыс тауыпты. Сонымен сөз еруі «арқасында» танымал болып, Instagram, TikTok тағы жазылушыларының саны 100 мыңнан асқан, жарнама берушілердің назарын аударған. Оны жеке би кештеріне, телешоуларға, қалалық мерекелерге жиі шақырады. Никлас Маттеи әрбір шақыру үшін 100 мың еуроға дейін ақы сұратады. Жаңа тәжірибе кең таралса, Қазақстанның да өз «Никластары» пайда болуы мүмкін.

Ішкі істер министрлігі өз түсініктемесінде қоғамдық талқылау барысында түскен ұсыныс-ескертпелерге сай, сарапшылардың ұсынымы бойынша заң жобасы жетілдірілетінін жеткізді. Құжат бойынша нақты қандай құқықбұзушылықтар үшін сыйлықақы төленетінін, төлемақының пайызбен қанша көлемде болатынын, қандай мерзімде аударылатынын, сондай-ақ видеоға тіркеу тәртібін, бейнежазбаға қойылатын талаптарды айқындаудың құқық-құзырын әкімдерге беру ұсынылған. Әкімдер мысалы, өз қажеттіліктері мен басымдықтарына қарай абаттандыру қағидаларын бұзу, бұқара пайдаланатын орындарды лақтау, аялдама, көше орындықтары, шамдар, субұрқақ, көше композициялары секілді қала инфрақұрылымын бүлдіру, қирату және өзге құқықбұзушылықтарды әшкерелеуге сыйлықақы тағайындай алады.

Мемлекеттік бюджет есебінен берілетін бұл төлемнің кімге төленгені «құпия ақпаратқа» жатқызылады, оны айыпталушы адам да біле алмайды. Осы арқылы елдегі тәртіп пен заң үстемдігін қамтамасыз етуге үлес қосатын азаматтар кекшілдердің қысастығынан қорғалады.

ТӘРТІПКЕ ҮЛЕС ҚОСҚАН ТӨРГЕ ОЗАДЫ

рангке төмен тұр. Олар қылмыстың алдын алу, қоғамдық тәртіпті сақтау, жоғалғандарды іздеу-құтқару, жол қозғалысын бақылау, егер мұғалім болса, мектептегі тәртіпті сақтауға көмектесу және басқа функцияларын атқарады.

Ақпарат құралдары полицияның қоғамдық көмекшілерінің штаты толыққаны туралы ақпаратты арагидік жариялап тұрады. Мысалы, 2020 жылдан бері еліміздің ең ірі мегаполисінде 350-ден астам алматылықтың ерікті негізде көмекші болуға тілек білдіргені хабарланды. Олардың арасында полиция ардагерлері, қарапайым зейнеткерлер, белсенді азаматтар, студенттер бар. Белсенділігімен көзге түскендеріне ара-тұра ынталандыру сыйақысы төленеді.

Ресми хабарламада оның бәрі «қала аумағында тәртіпті қамтамасыз ететін қосымша күзет күштеріне» айналғаны, жедел-профилактикалық іс-шаралар аясында рейдтерге тартылатыны айтылды. Бірақ 2022 жылғы қаңтар оқиғалары кезінде қоғамдық көмекшілердің «тапшылығы» туындады. Өйткені олар қарусыз, демек өзінде қорғай алмайды. Сондай-ақ төтенше жағдай және коменданттық сағат енгізілгенде, олардың жетондары мен куәліктері жарамай қалатын көрінеді.

2023 жыл қорытындысында қоғамдық тәртіпті қорғауды қамтамасыз етуге белсенді қатысқан азаматтарға республика бойынша жалпы сомасы 102 миллион 827,6 мың теңге төленіпті (2022 жылы — 90 миллион 60,6 мың теңге аударылған). Бұл көп пе, аз ба? Осы 103 миллион теңгедей ынталандыру сыйлықақысы бір жыл ішінде бүкіл Қазақстан бойынша 3 724 адамға берілген екен. Яғни, 1 адамға шаққанда орта есеппен 27,6 мың теңгеден ғана келеді. Елімізде ең төменгі айлық жалақы 85 мың теңгені құрайтынын ескерсек, бұл «ынталандыру» көпшілікті ынталандырмайтыны байқалады. Бұған қоса, 333 көмекші — ведомстволық грамотамен, 357-сі — түрлі алғысхатпен, 4 адам бағалы сыйлықтармен марапатталған.

Ішкі істер министрлігі азаматтарды құқықтық тәртіпті сақтауға тарту жағы ақсап жатқанын жасырып жатпады.

— Қазіргі уақытта азаматтар қоғамдық тәртіпті күзету ісіне қатысуға ерекше ынта-жігер та-



мальды, көзбояушы сипатта болып келеді. Ол әлеуметтік желіде және ақпарат құралдарында белсенді қызмет иллюзиясын туғызу үшін пайдаланылады, — делінген ПИМ-нің заң жобасына консультативтік құжатында.

ЗОР ЫНТАҒА МОЛ ҚОШЕМЕТ

Ішкі істер органдары азаматтарды құқықбұзушылықтардың алдын алуға және қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге ерікті тартудың тәсілдерін түбегейлі өзгертіп жатыр. Ведомство «Құқықбұзушылықтар профилактикасы туралы» заңының жобасын әзірледі. Онда азаматтарды құқықбұзушылықтың алдын алуға тартуға 3 бап (41-43-баптар) арналған.

Заң жобасында ынталандыру тетіктерінің «ассортименті» арттырылды. Қолданыстағы ереже бойынша полицияның қоғамдық көмекшілерін, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермелеу шараларына, біріншіден, алғыс жариялау, екіншіден, грамотамен марапаттау, үшіншіден, жоғарыда айтылғандай, азын-аулақ ақшалай сыйақы беру, төртіншіден, жергілікті әкімдіктер мен мәслихаттар анықтайтын өзге де шаралар қарастырылған.

Жаңа заң жобасында құқықбұзушылықтың алдын алуға тартылған тұлғаларды ынталандыру шарасының өрісі әлдеқайда кең, тізімі ұзын болмақ.

Біріншіден, әкімшілік құқықбұзушылықты немесе ұсақ қылмысты ашуға көмектескендерге ПИМ алғыс жариялауы мүмкін.

Екіншіден, грамотамен марапаттау қарастырылады.

Үшіншіден, қомақты ақшалай сыйақылар төленбек, ол туралы төменде жеке айтылады.

ішінде оларды ішкі істер органдары қатарына жұмысқа орналастыруға жәрдем көрсетілмек.

Алтыншыдан, құқықбұзушылықтың алдын алуға, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын студенттерге оқу өтемақысы ұсынылады. Ол студенттің ақылы оқуының шығындарын өтеу, тіпті оны мемлекеттік, әкімдік немесе бизнес гранттары негізінде толығымен тегін білім алуға көшіру түрінде болуы мүмкін.

Жетіншіден, мемлекет пен қоғамда тәртіп орнатуға сүбелі үлес қосқандар өзіннің жұмыс ұжымында құрмет-қошмет көреді: ПИМ немесе әкімдік оны ынталандыру, сыйақы-премия беру туралы ұйымына, кәсіпорнына ұсыныстар жіберуге құқылы болады.

Сегізіншіден, әкімдік немесе полицияның алдын алуға елеулі үлес қосқан адамдар мен ұйым-компанияларды мемлекеттік наградалармен және құрметті атақпен марапаттау туралы ұсыныстар енгізіледі.

Тоғызыншыдан, жергілікті әкімдіктер құқықбұзушылықтың алдын алуға тұрақты қатысатын тұрғындарын ынталандырудың өзге шараларын ұсынбақ. Мысалы, коммуналдық қызметтер төлемінде, қоғамдық көлікте жүруде және басқасында жеңілдіктер беру сияқтылар.

СМАРТФОН КАМЕРАСЫ — ҚАРЖЫ КӨЗІ

Құжаттың басты бір жаңалығы сол, әкімшілік құқықбұзушылық фактісін камераға түсіріп, оның бейнежазбасын уәкілетті органдарға жіберген азаматтарға салмақты сыйлықақы төленбек. «Ашық НҚА» порталында орналастырылған заң жобасының мемлекеттік тілдегі нұсқасында ол сыйлықақының сомасы «тәртіп бұзушыдан өндіріп алынған

САУАЛНАМА

19 ҚАЗАН 2024 | СЕНБИ

Қазір әлеуметтік желіде «Қазақ балалары кітап оқымайды» деген пікір көпшіліктің назарын аударып, қызу талқыға түсті. Біреулер балалар кітап оқуды қойып, кітапханаға бармайды десе, екінші жақ қазір балалар кітап оқуға әлдеқайда бет бұрғанын айтады. Шын мәнінде қалай? Қазіргі балалар кітапты серік етіп жүр ме? Балалар жазушылары жас оқырманның қалауын қанағаттандыра ала ма? Осыған қатысты мамандардың пікірін білген едік.

Гүлкен СҰНҚАРБЕКҚЫЗЫ,
№1 балалар кітапханасының басшысы:

БАЛАНЫ КІТАПҚА АТА-АНА БАУЛИДЫ

Кітапхана — кай дәуірде де қоғамның мәдени өмірінің бірден-бір көрсеткіші, өткен тарихымызды өшірмей, ұлт жадын мәңгілік сақтайтын мекен. Осы қасиетті істі жалғастыру үшін кітапхана ісі мен кітапханашылар заман талабына сай бейімделіп, үнемі жетіліп отыруы керек.



Қазіргі ұрпақты желіге тәуелді деп жиі айтады. Балалар интернет пен әлеуметтік желі арқылы қалаған дүниесіне оңай қол жеткізе алады. Десек те, мектеп жасындағы, оның ішінде бастауыш сынып оқитын балалар кітап оқуға бет бұрып келе жатыр. Байқауымша, қазір кітапханаға келетін бала көбейген. Оны бірқатар мысалмен айта аламын. №1 балалар кітапханасы ашылғалы бері баласын жетектеп келетін ата-ана көбейген. Оның үстіне, қазір оқу жылы басталысымен сабақ жоспарларына сәйкес, оқушыларға ұсынылатын қосымша әдебиеттерді осы жерден тауып, оқып жүр. Ал қазақ сыныбындағы балалар кітап оқымайды деген пікірге мүлде келіспеймін. Неге десеңіз, балалар кітап оқымайды деп бәріне топырақ шашып айтуға болмайды. Кітапқұмар бала көбейгеніне қуана білуіміз керек.

Бірақ жазда оқырманымыз сәл азаяды. Себебі мектептегілер демалысқа шығады. Дегенмен жазда мектеп мұғалімдерінен тапсырыс көп келгендіктен, балаларға кітап оқытуға барынша тырысамыз. Мектеп мұғалімдеріне әрқазы «Оқушыларға тапсырма беріңіздер, әдебиеттер тізімін ұсыныңыздар» дейміз. Тіпті, кітаптар тізімін айтпаса да, «Кітапханаға жіберіңіздерші» деп сұраймыз. Бала кітапханаға келсе, оған оқитын кітапты өзіміз де қарастырамыз. Мектеп мұғалімдері оқушыларға жылда жазда оқитын кітаптар тізімін береді. Сондықтан биыл жазда мектеп оқушыларынан сұраныс



БАЛАЛАР КІТАП ОҚИ МА?

жоғары болды. Осы жерде бір айта кететіні — бұған дейін қазақ мектептерінен онша сұраныс болмаған еді. Кейінгі уақытта артты. Яғни, баланың кітап оқуға қызығушылығын арттыру үшін біздің кітапханалар желісі жаз мезгілінде «Жазғы оқу» шарасын өткіземіз.

Баланы кітап оқуға баулуда үлкен рөл атқаратын — ата-ана. Бала мектепке бармас бұрын кітапты сыйлық ретінде ұсынып бастау керек. Егер ата-ана балаға кітап оқуға арнайы уақыт табатын болса, онда баланың бойында міндетті түрде кітапқа деген сүйіспеншілік қалыптасады. Осыған қатысты кітапханамызда қазір «Отбасылық оқу» атты жоба жүзеге асырылуда. Оның да мақсаты осы — баланы кітапқұмар етіп тәрбиелеуде отбасының рөлін асыру.

Есей ЖЕҢІСҰЛЫ,
«Ақ желкен» журналының бас редакторы:
**КІТАПҚҰМАР ҰРПАҚ
ӨСІРУ ҮШІН НАУҚАНШЫЛЫҚТАН
ҚАШУ КЕРЕК**

Балалардың кітапқа қызығушылығы аудармаларға ауып кеткен сияқты. Қоғам мүлде кітап оқымайды, сондықтан балалардың кітап оқу жас айырмашылығы мүлде жіктеліп жатқан жоқ.

Ал өзіміздің көркем әдебиетті балалар аз емес, тәуір оқиды. Әдеби процестен бүкіл құрам хабардар болмағандықтан, өзіміздің көркем әдебиет аз оқылатын сияқты. «Дарабоз» бәйгесінде шыққан шығарманың түгелі республиканың барлық жерінде насихатталады. 2010 жылдары жүлдегер атанған «Мынау ғазиз дүние» повесі әлі күнге дейін талданады. Жақсы дүниелер шығару үшін мектептерге барып, балалармен байланыс құруымыз керек. Аудармаға келетін болсақ, ол тілді байытып жатыр деп ойлаймын. Мысалы, «Мазмұндама» баспасынан шығып жатқан кітаптарды балаларымыз оқытамын. Олар кітапқа қызығып, бірден бітіріп тастайды. Сондықтан аударманың көбейгені, оның ішінде қазақ тілінде көбейгені өте дұрыс.



Қоғамның балалар әдебиетіне көзқарасы жақсы. Сол себепті де балалар әдебиеті дамып жатыр. Елімізде осы бағытта еңбектеніп жатқан қаламгерлер жеткілікті. Аслан Тілеген, Серікбол Хасан сияқты азаматтардың жазғандары қазір жеке-жеке кітап болып, қоғамда жақсы қабылданып жатыр. Менің ойымша қазір қаламмен жазатын жазушылар өте сиреп бара жатыр. Әлемдегі даму тенденциялары біздің жазушыларымызда бар деп санаймын.

Баланы кітапқа қызықтырып өсіру үшін біріншіден, науқаншылықтан қашу керек. Қоғамның өмірі түзелсе, адамның өзі руханиятқа бой ұрады. Бізде қалай? Тіршіліктен көз ашпайды. Бұл жерде нағыз кітапқұмар баланы өсіру отбасынан басталатынын түсіну керек. Біз жақында бірқатар колледж бен мектептегі кездесулерге бардық. Сонда алдымызда отырған 70-тей баланың шамамен 10 баланың ата-анасы кітап оқиды. Ондай жағдайда балада қайдан кітапқа сүйіспеншілік пайда болады. Мектептегі білім беру бағдарламасында қазақ тілі мен әдебиеті пәні өте әлсіз. Мәселен, Несіпбек Айтұлының «Арқатірек» поэмасы 12 сағат оқытылады деген сұмдық қой. Оған 2-3 сағат уақыт берілуге болады. Осындай оққылықтар кездеседі. Баланы кітапқа қызықтырып тәрбиелеуде қазіргі «Оқуға құштар мектеп», «Оқуға құштар сынып», «Бір ел — бір кітап» акциясы, мұның бәрі жеткілікті. Біз өзі санамыз аз ұлтпыз, соның 300 мыңдайы кітап оқитын адам болғанымен, бұл аз көрсеткіш. Мұндайда кітапқұмар ел емес екенімізді мойындаймыз.

Қазіргі бүлдіршіндер балалар журналына өз шығармашылығын жолдауға асықпайды. Технологиялар заманында біз таңсық көруші, яғни таңданушы қоғам болғандықтан баланы YouTube, TikTok-тан ажырата алғанымыз жоқ. Жақсы мағынасында баланы соларға тесілген уақытын кітапқа тесілуге арнайтындай жазалау керек. Шынымен, қазір балалар журналдары «Ақ желкен», «Балдырған», «Ұлан» газетінің тираждары 3 мың мен 12 мың арасында ғана. Бұл біздің қоғам үшін өте аз. Сонымен біз балаларды қызықтыру үшін түрлі викторина, сауалнама ұйымдастырып тұрамыз. Бірақ балалардың қатысуы белсенді емес. Өйткені мектебі, ата-анасы және ортасы білмейді. Меніңше, бұл өзінен-өзі тасада қалатын сияқты.

Мейіржан ЖЫЛҚЫБАЙ,
балалар жазушысы:
**КІТАПТАР БАЛАЛАР ТІЛІНДЕ
СӨЙЛЕУІ КЕРЕК**



Балалар әдебиетінің дамуында кемшіліктер бар екені рас. Бұл, ең алдымен, кейбір шығармалардың заман талабына сай жазылмауынан, яғни бүгінгі баланың ойлау жүйесі мен тіліне

сәйкес келмеуінен туындайды. Технология дәуірінде өскен балалардың қызығушылығы басқа, оларға динамикалық, қызықты сюжеттер, көзартар кейіпкерлер қажет. Сонымен қатар кей жазушылардың бала психологиясын жеткілікті деңгейде меңгермеуі де осы мәселеге әсер етеді. Тілі шұбар, сюжеті қарапайым кітаптар балаларды қызықтырмайды. Қазіргі балалар визуалды ақпаратты жақсы қабылдайды. Сондықтан кітаптардың безендірілуіне, иллюстрацияларына да көңіл бөлу керек.

Аударма кітаптардың тартымдылығы жоғары екенін мойындау керек, дегенмен бұл қазақ әдебиеті оқылмайды деген сөз емес. «Менің атым Қожа», «Көксерек» сияқты классикалық шығармалар әлі де сүйікті. Дегенмен жаңа, заманауи туындыларды көбірек жазу керек. Баланы кітапқа баулу үшін арнайы жобалардың қажеті жоқ. Ең бастысы — отбасында кітап оқу дәстүрін қалыптастыру. Ата-аналар балаларына кітап оқып беруі, бірге талқылауы, кітапханаларға апарып, кітапқа деген сүйіспеншілікті оятуы керек. Қазіргі қазақ балалар әдебиетінде жақсы шығармалар баршылық. Мысалы, «Шоко әлем», «Тау баласы» және тағы басқалар. Дегенмен сапалы туындылар санын арттыру керек. Жалпы, балалар әдебиеті — болашақ ұрпақтың санасын қалыптастыратын маңызды сала. Сондықтан оған ерекше көңіл бөлуіміз керек.

Қазіргі қазақ балалар әдебиетінің басты мәселесі — оның бүгінгі баланың талап-тілегіне сай болмауы. Заман өзгерді, балалар да өзгерді. Олар интернет, гаджеттер әлемінде өсіп келеді, ой-өрісі кең, ақпаратты тез қабылдайды. Ал біздің кейбір жазушыларымыз әлі күнге дейін ескі қалыптан шыға алмай, Кенестік дәуірдің идеологиясымен жазып жүр. Мысалы, батырлар туралы ертегілерді алайық. Бұрынғы ертегілерде батыр міндетті түрде күшті, қайсар болуы керек еді. Ал қазіргі балаларға ақылды, тапқыр, білімді батырлар қызықты. «Гарри Поттер», «Перси Джексон» сияқты шетелдік шығармалардың танымал болуының бір себебі — кейіпкерлердің осындай қасиеттерінде. Біздің жазушылар да батырлар бейнесін заман талабына сай жанартуы керек.

Тағы бір мәселе — тіл. Қазіргі балалардың тілі басқа. Олар сленг сөздерді көп қолданады, ойлау жүйесі де басқа. Жазушылар балалардың тілінде жазуды үйренуі керек. Аударма кітаптарға келетін болсақ, олардың сапасы әртүрлі. Жақсы аудармалар балалардың ой-өрісін дамытуға көмектеседі. Бірақ аударманың сапасына мән беру керек.

**Дайындаған
Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ**

ТҮЙТКІЛ

19 ҚАЗАН 2024 | СЕНБІ

Жақында Маңғыстау облыстық онкологиялық орталығы өткізген «Ашық есік» күнінде түске дейін 44 тұрғын тексеріліп, соның сегізінен қатерлі ісік анықталған. Тағы үш азаматтың денсаулығы осы дертке күдікті деп тіркелді. Жарты күнде медициналық тексерістен өткендердің төрттен бірінен обыр түрлерінің анықталғаны – ойландыратын көрсеткіш. Не істемек керек? Дәрігерлердің дабылы қандай?



Айдана НҰРМҰХАН

ҚАДАҒАЛАУҒА ҚҰЛЫҚСЫЗ БОП ТҰРМЫЗ

Ұлттық статистика бюросы ұсынған ақпаратқа сүйенсек, елімізде жыл сайын қатерлі дерт түрлерінің 37 мыңнан астам жаңа жағдайы тіркеледі, олардың ішінде 13 мыңнан астамы өлімге әкеледі. Қатерлі ісік – өз бетінше дербес өсіп, көбейетін жасушалардың дегенерациясына негізделген ауру түрі. Обыр – қайтыс болу себептері бойынша жүрек-қан тамырлары ауруларынан кейін, екінші орын алады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының дерегінше, бүгінде 100-ден астам түрі кездесетін бұл дерт 1-2 сатысында анықталса, оны 80 пайызға дейін толық емдеуге мүмкіндік бар. Алайда елімізде қатерлі ісіктің кеш сатысында анықталу үлесі жоғары көрсеткішке ие. Ұлттық ғылыми онкология орталығы жүргізген зерттеу нәтижесінде 2021-2022 жылдары қатерлі ісіктің кеш сатысында 203 науқас тіркелген, бұл барлық қатерлі ісікке шалдыққан науқастың 21,8 пайызына тең (барлығы 931 адам). Ал IV сатыдағы аурулар – 83,3% және визуалды қол жетімді III сатыдағы локализациялар – 16,7%.



Аурудың кеш сатысында анықталуының негізгі себептері – науқастың медициналық көмекке дер кезінде жүгінбеуі – 55%, аурудың жасырын өтуі – 39%, диагностикадағы қателік – 3,4% және толық тексерудің болмауы – 2,5%. Сарапшылардың пікірінше, медициналық көмекке кеш жүгінудің ең жоғары үлесі (55,2%) халықтың қатерлі ісіктің ерте белгілері туралы жеткіліксіз хабардар екенін көрсетеді, пациенттер денсаулығына назар аудару қажеттігін түсінбейді немесе дәрігерге баруға деген құлықсыздық басым.

Қатерлі ісіктен болатын ауру-сырқау мен өлім-жітімді төмендету – еліміздегі денсаулық сақтаудың негізгі мәселелерінің бірі. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше, онкологиялық аурулардың 30%-дан 50%-ға дейінгі өлім жағдайын негізгі қауіп факторларынан сақтану және фактілерге негізделген алдын алу стратегияларын жүзеге асыру арқылы болдырмауға болады.

Ұлттық ғылыми онкология орталығының сарапшылары жүргізген зерттеу де ауруды ерте анықтау және қатерлі ісікке шалдыққан науқастарды зерттеу арқылы ғана жүктемені едәуір азайтуға болатынын көрсетті. Қатерлі ісікке қарсы күрестің ең тиімді стратегиясы – бұл алдын алу шаралары. Бүгінде Қазақстанда 205 мыңнан астам онкологиялық патологиясы бар адам тіркелген. Елімізде обырды кеш анықтау

мәселесі әлі күнге дейін емханалар денгейінде маңызды проблема ретінде қалып отыр. Осыған байланысты Қазақстанда онкологиялық өлім-жітім негізгі себептердің бірі болып, жалпы өлім құрылымында екінші орында тұр.

Орталық мамандары 2021 жылы алғаш рет – 438, 2022 жылы 493 қатерлі ісік жағдайы анықтаған (13%-ға өскен). Екі жыл ішінде анықталған қатерлі ісіктердің ішінде аурудың I сатысы – 42,5%, II саты – 16,9%, III саты – 18% және IV саты – 18% болған. Сонымен қатар in situ (бастапқы сатысы) және стадиялануға жатпайтын қатерлі жаңа түзілімдер жағдайы тек 3 пайызында анықталды. Қатерлі ісікке күдікпен ең көп жүгінгендер – Астана қаласынан (38,2%), Ақмола облысынан (22,8%), Қостанай облысынан (7,5%) және Қарағанды облысынан (6%).

Локализация бойынша бүйрек ісігі «көш» бастайды. 2022 жылы бүйрек қатерлі ісігімен алғаш рет 89 жағдай тіркеліп, анықталғандардың жалпы санының 18 пайызын құрады. Ал сол кезеңде тері қатерлі ісігімен тек екі жағдай анықталған. Ұлттық ғылыми онкологиялық орталыққа жүгінудің бойынша екінші орында өкпе, кеңірдек және бронх ісіктері бар пациенттер болды, бұл диагноз – 10%. Үшінші орында – қалқанша безінің ісіктері (8,5%), содан кейін жатыр мойны қатерлі ісігі (7,3%) және гепатоцеллюлярлық карцинома (5%). Аурудың кеш сатысында анықталған науқастың ішінде 48,3% – еңбекке жарамсыз және 51,7 пайызы еңбекке жарамды жаста болды. Кеш анықталған науқастардың ішінде ерлер басым болды – 57,6%, ал әйелдерде кеш анықталған жағдайлар – 42,4%.

«Қазір елімізде қатерлі ісікті ерте сатысында анықтау мүмкіндігі бар: онкологиялық ауруға күдікті науқастар үшін «жасыл дәліз» енгізілген, ерлер мен әйелдерге арналған тексеру кабинеттері жұмыс істейді, КТ және МРТ, ПЭТ-КТ сияқты қымбат тексерулер тегін жүргізіледі, қатерлі ісіктердің алдын алу және ерте анықтауға бағытталған ұлттық скринингтік бағдарламалар жүзеге асырылып жатыр. Дегенмен аурудың кеш сатысында анықталу үлесі жоғары күйінде қалып отыр. Аурудың кеш сатысында анықталуының негізгі себептері – науқастың медициналық көмекке дер кезінде жүгінбеуі – 55%, аурудың жасырын өтуі – 39%, диагностикадағы қателік – 3,4% және толық тексерудің болмауы – 2,5%. Сарапшылардың пікірінше, медициналық көмекке кеш жүгінудің ең жоғары үлесі (55,2%) халықтың қатерлі ісіктің ерте белгілері туралы жеткіліксіз хабардар екенін көрсетеді, пациенттер денсаулығына назар аудару қажеттігін түсінбейді немесе дәрігерге баруға деген құлықсыздық басым. Екінші орында аурудың жасырын ағымы тұр, бұл – онкологиялық процесстің симптомсыз және спецификалық емес ағымы, мүшенің анатомиялық-топографиялық ерекшеліктерімен байланысты ішкі локализациялар. Осы себептен науқастар аурудың алғашқы белгілері қашан пайда болғанын анықтай алмайды, әсіресе қарт адамдар арасында, алкоголь мен темекіге тәуелділерде жиі кездеседі. Мысалы, асқазан ісігі (барлық жағдайдың 20%-ы аурудың кеш сатысында анықталған), өкпе (18,4%), ұйқы безі (16,3%) және бауыр (14,3%) обьры», – дейді зерттеу авторы, онколог дәрігер-хирург Диас Халмуминов.

Өкінішке қарай, науқастардың алты пайызында аурудың кеш анықталуына дәрігерлік қателіктер себеп болған. «Бұған дәрігердің кәсіби дайындығының жеткіліксіздігі, диагностикалық әдістерді аз қолдануы, ауруды төмен ақпараттылығы бар бір зерттеу әдісіне негізделіп анықтау немесе диагнозды алып тастау, «жасыл дәліз» қағидасының бұзылуымен негізсіз ұзақ тексеру сияқты жағдайлар жатады. Осы орайда, онкоқырағылықтың болмауы ерекше орын алады, себебі пациенттің көрсеткен спецификалық емес шағымдары, объективті деректер, зерттеу нәтижелері дұрыс түсіндіріліп, онколог дәрігерге жіберу үшін негіз болуы керек еді», – дейді сарапшы.

Еліміздегі онкологиялық көмекті жақсарту шаралары Үкіметтің 2018 жылғы

№395 қаулысымен бекітілген 2018-2022 жылдарға арналған онкологиялық аурулармен күрес бойынша Кешенді жоспарды іске асыру аясында жүзеге асырылды, оның шеңберінде темекі шегуден бас тарту туралы санитарлық-ағартушылық жұмыс, оның ішінде зиянды өндірісте жұмыс істейтіндер, жастар, медицина қызметкерлері мен педагогтер, жүкті әйелдер арасында, семіздікпен күресу, дұрыс тамақтану, физикалық белсенділікке шақыру және басқа да іс-шаралар атқарылды.

«Кеш сатыда анықталған еңбекке жарамды жастағы пациенттердің жоғары үлесін ескере отырып, жұмысқа қабылдау кезінде профилактикалық тексерулерден өту бақылауын күшейту қажет, сондай-ақ жұмыс істейтін халыққа, оның ішінде өзін-өзі жұмыспен қамтығандар мен жеке ұйым қызметкерлеріне профилактикалық тексерулерден тұрақты түрде өтуін қамтамасыз ету маңызды. Сонымен қатар онкоқырағылықты арттыру үшін жалпы медицина қызметкерлерінің онкология саласы бойынша біліктілігін арттыруды жалғастыру қажет. Кез келген дәрігер мамандығына қарамастан, онкологиялық науқастарға көмек көрсету мәселелеріне тап болып,

қатерлі ісіктерді диагностикалау, емдеу және алдын алу туралы белгілі бір білім деңгейіне ие болуы, онкологиялық қызметті ұйымдастыруды білуі керек», – деп атап өтті Диас Халмуминов.

Онколог дәрігерлер халықты қатерлі ісіктің ерте белгілері туралы белсенді түрде ақпараттандыру қажеттігін күнтізбесінен ешуақытта түсірген емес. Қатерлі ісік ұзақ уақыт бойы симптомсыз және көбіне ең соңғы сатысында ғана білінеді. Дәрігерлер онымен күресуде ең маңыздысы – алдын алу және дер кезінде диагностикалау екенін қаперге салады.

«Қатерлі ісік неғұрлым ертерек анықталса, сауығу мүмкіндігі соғұрлым жоғары болады» дегенді бәрінің дәрігерлерден бірнеше рет естіген шығарсыз. Қатерлі ісіктерді емдеудің сәттілігі көптеген факторға байланысты: ісіктің гистологиялық сипаттамасы, оның мөлшері, науқастың денсаулық жағдайы және ең маңыздысы – аурудың сатысы. Түрлі диагностикалық бағдарламалар, әсіресе скрининг – аурудың «ауыздықтауға» көп көмектеседі. Онкологиялық скринингтің бірнеше әдісі бар, 50-69 жастағы әйелдерде сүт безі обырына маммографиялық скрининг; ісік алды және жатыр мойны обырының цитологиялық скринингі; жасырын қан анализін, колоноскопияны, сигмоидоскопияны пайдалана отырып, тоқ ішектің қатерлі ісігі мен ісік алды ісікке скрининг жүргізу; простата-спецификалық антиген (ПСА) скринингінің тиімділігі бүгінде әбден дәлелденіп қойды. Өкінішке қарай, елімізде тегін тексерістен өтуге құлықсыздық таныту көрсеткіші басым. Өйткені тұрғындардың көпшілігі еш жерім ауырмайды деп жүре береді, ал шындығында, қатерлі ісіктің көп түрі бастапқы сатысында симптомсыз жүреді. Сондықтан медицина маманынан шақыру түссіз, скринингтік тексеруден өтуге бейжай қарамауды сұраймыз», – дейді онколог-дәрігер Наталья Волкова.

Естеріңізге сала кетейік, еліміздің тұрғындары 2 жылда 1 рет скринингтен өтуге тиіс. Жатыр мойны обыры бойынша 30-60 жас аралығындағы әйелдер тексеруге шақырылады. Сүт безі қатерлі ісігін тексеру бойынша 50-60 жастағы әйелдер, колоректалды қатерлі ісікке (тоқ ішек қатерлі ісігі) скринингіне 50-70 жас аралығындағы еркектер мен әйелдер, простатит обыры – 50-70 жас аралығындағы ер адамдар, асқазан мен өңеш қатерлі ісігін тексеруге 50-60 жастағы ерлер мен әйелдер шақырылады.

ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТҰЛЫ – 130

19 ҚАЗАН 2024 | СЕНБИ

Қазір не көп, психолог пен коуч көп. «Ақылын сататын» тренерлер мен психологқа да сұраныс артқан. Қазақ қазір өзгенің ақылына неге зәру боп қалды? Расымен де, «ақылды» «инфосығандарсыз» күніміз қараң ба? «Ең күшті қару – психологиялық қару» дейді екен. Ендеше, әлсіз адамдардың психологқа жүгінуі – заңдылық. Бірақ біз күйзеліске түсіп, қиналған тұста, қандай психологтың кеңесіне жүгінеміз, мәселе – осында!

Гүлзина БЕКТАС

«Ақылды» тренерлер туралы тегін айтып отырған жоқпыз. Жан әлеміне саяхат жасаушылар қазақ психологиясының негізін қалаған Жүсіпбек Аймауытұлының кітабын парактап көрді ме екен? Біз бүгін сұранысқа ие боп отырған психологияның дамуына үлес қосқан, қазақ психологиясының негізін қалаған Жүсіпбектің жан іліміне зерттеу жасағанды жөн көрдік.

«Психология» («Психология») алғаш төте жазумен 1926 жылы Қызылордада басылған. Дәл сол жылы Мәскеуде «Жан жүйесі мен өнер таңдау» деген де кітабы шығады. Екеуі де психологияға негізделіп жазылған. 207 беттен тұратын бұл кітап та төте жазумен шығады.

Бұл жинақты Алаш қайраткері ақталғаннан кейін, яғни тәуелсіздік алған тұста ғана кирилл қарпіне аудару мүмкіндігі туды. 1995 жылы араб қарпінен аударып, жарыққа шығарған – ғалым Алма Ақажанова. Жинақты «Рауан» баспасы дайындаған. Кітаптың алғашқы атауы – «Психология» деп аталған. Ғалым екі кітапты қосып, жинақтап шығарған.

Қазақ тілінде психология пәнінің терминдерін қалыптастыруда ерекше еңбек сіңірген Жүсіпбектің еңбегін ерекше атауға болады. Он екі бөлімнен тұратын, оқу құралы үлгісінде жазылған бұл зерттеу – қазақ тіліндегі осы бағыттағы алғашқы жемісті ізденіс болып саналады.

ТӘН ЖАНҒА БАҒЫНА МА?

Аймауытұлы психология ғылымын терең ой, терең білім, терең пәлсәпаға соғатын пән деп береді. «Психология, пәлсәпа мәселесі қашаннан дауда, айтыста келе жатыр: біреулер психология мәселесін затшылдық көзінен тексерген. Өзге білімдер затшылдыққа табанын тіресе де, психология әлі тіреп, аяғын нық басқан жоқ. Орыс тілінде затшылдық негізіне сүйеніп, мектепке лайықтап жазылған психология кітаптары әлі шыққан жоқ, бар да, іздену бар; сипалау, жорамалдау бар. Сондықтан бұл кітапты



ЖҮСІПБЕКТИҢ ЖАН ІЛІМІ

жазғанда көп қиындыққа душар болдық, дінкеге тиді» деп жазады беташар сөзінде Алаш қайраткері.

Әңгіме – «психологияның» жазылуында емес, оқушы үшін қалай берілгенінде. Ұғынықты, оқырман түсіне алатындай, дәлелдермен, зерттеулермен жазылды. Иә, Жүсіпбек Аймауытұлы үшін психология тосын ғылым. Бірақ мұның қазақ ғылымына қажет екенін сезіне білді. Әрине, бірі педагогиканы, енді бірі математиканы, тағы бірі астраномия ғылымын зерттеген Алаш қайраткерлерінің жан іліміне, яғни психологияға бет бұрмауы мүмкін емес еді. Олар терең ой мен пәлсәпаға соғатын пәннің қажет екенін ұғына білді.

Жан ілімі туралы 300 беттен тұратын жинақтың бәрін таратып жаза алмаспыз. Ғалым еңбегінде бала психологиясы, салт-дәстүр туралы айтқандарына жеке тоқталуға болады. Бала психологиясын терең меңгеру үшін психолог болу керек екенін «Психология» кітабынан анық аңғарасын. Аймауытұлы балаға ең бірінші әсер ететін медресе (бүгінгі тілмен айтқанда, мектеп) және тәрбиеші деп санайды. Тәрбиеші дегеніміз – мұғалім, ұстаз. Аймауытұлы айтатын тағы бір дүние – өнегелі ортадан бұзық мінезді баланың шығуы немесе нашар отбасыдан өнегелі баланың өсуі мүмкін екені. Өйткені кез келген баланы тәрбиелейтін орта дегенге саяды. Өскен орта, дос-жаран, құрбы-құрдас ықпалы басым болатынын, соларға еліктеуден мінез қалыптасатынын айтады қайраткер.

Ең қызығы, ғалым бала тәрбиесіне ұлттың салт-дәстүрі мен салт-санасының да белгілі бір мөлшерде әсері бар екенін ғылыми тұрғыда дәлелдеп береді. Ойын-сауық, жыр-думанда

тәрбиенің түрлі-түрлі болуынан» екенін, «адам баласының ұрлық істеуі, өтірік айтуы, кісі тонауы, өлтіруі сықылды бұзақылықтарды жасауы, тәрбиенің жетіспегендігінен» екенін ашып айтады.

Адамның өзін тануы, өз жолын табуы қиын екенін Алаш қайраткері «Психология» кітабында мысалға келтіреді. «Жастар тоқсан жолдың торабында, қай жолға түсерін білмей, дағдарды. Егер жазатайым теріс жолға түсіп кетсе, өмірі өкініші кетпейді» дейді.

ПСИХОЛОГИЯ – ҚАЗАҚША ЖАЗЫЛҒАН ТҰҢҒЫШ КІТАП

Бұл туралы ғалым, профессор Айгүл Исмакова осылай дейді. Біз ғалымнан Жүсіпбек Аймауытұлының психологиясының дәстүрмен сабақтастығы туралы сұраған едік. Профессор «Психология» кітабының адамның жаны мен тәні туралы заманауи ілім бергенімен құнды екенін айтады.

өскен бала өнерге бейім болады, ал діндар елдің баласы діншіл келетінін де жоққа шығармайды.

Жүсіпбек Аймауытұлы ерекше тоқталған нәрсенің бірі – әдет. «Жаман әдеттен құтылуға, жақсы әдетті табуға құнт етсе, шара бар. Ол шара – табандылық,

«Жүсіпбек Аймауытұлы – адамның жаны мен тәні бірімен-бірі қандай байланыста екені; жан мен тән тазалығын қалай ұстану керектігіне дейін анықтап берген бірегей психолог ғалым. Бұл психологиялық ілім тұңғыш рет қазақша жазылғанымен құнды.

Құғын-сүргінде жүрген Жүсіпбек осындай ғылыми зерттеу қалдырғанына қайран қаласын. Жан мен тән туралы ғылыми аналитиканы ғалым Абайдың сөздерімен бекітіп отыруы да ерекше: қандай ғылым болсын, оны қазақ тіліндегі асыл сөзбен бекітіп беріп отыру – біз бүгін жоғалтып алған ғылыми амал. Психология кітабының ерекшелігі: оның тұңғыш рет қазақ тілінде жазылуы; психологиялық термин – пән сөздері қазақша анықталып берілгені: қазіргі студенттер таңғалатындай. Қазақ тілі ғылым тілі екен ғой деп студенттер конспект жасауда», – дейді ғалым.

Оның айтуынша, адамның тәні мен жанына не қажет; адамдықты ұстану үшін не керек; тән мен жан туралы қазақтың негізі Ислам діні, Ұлы даладағы ақыл сөз иелері не деген; Түркі жұртының ұстанымы қандай болған? Осындай сауалдар ислами, түркілік, қазақи әдет,

салт-дәстүрмен тығыз байланыста берілген: бесік жырынан басталып жазылған.

«Неге бесік жырын тыңдаған баланың тілі ерте шыққан? Ондай бала ақыл сөзге о баста зәру болған. Ол баланың логикасы да мықты болған. Неге анасының бесік жырын тыңдап өскен бала Отаншыл болған. Негізгі ұстаным: адамның малдан айрмашылығы; тән мен жан қажеттіліктерін анықтап беру; мұны әуелі отбасы, кейін мектептегі оқулықта да сақтау; білімді ғибратты етіп беру; адамның пайдалы білім алуы; мұғалім, ұстаз алдына келген оқушыға айтқан әр сөзі мен ілімі үшін жауапты екені; өмір ессіз өтпес үшін не істеу керектігіне дейін қазір бір айырылып қалған әдемі қазақ тілімен нақты жазылған», – дейді профессор.

«Психология» кітабының ерекшелігі неде?» деген сауалымызға, ғалым:


«Психологияда пән сөздері – латын терминдері шамалы сақталғанымен, 99 пайыз ғылыми дискурс қазақ тілінде қалыптасқан. Студенттерім таңғалады: қазақ тілі нақты ғылым тілі екен ғой? Неге қазір ресми құжаттар шұбатылған калькаланған тілмен жазылады? Оқыған адам түсінбейтіндей қазақ тілі неге осындай болып кеткен? Психологияда осыдан жүз жыл бұрынғы әлемдік деңгейдегі жалпыадамзаттық ғылым, тарих пен мәдениет қамтылған: салыстырмалы түрде. Бірақ қазақтың ұлттық тәрбиесі негізге алынған. Бұл басты мәселе етілген. Жүсіпбек Аймауытұлы келешекте Тәуелсіз қазақ жеріне ие болатын өзі армандап кеткен ұрпаққа қажетті адами тәрбиені: оның жаны мен тәніне ие болатын негізді ұстанымды нақты, соқырға таяқ ұстатқандай етіп берген.

Қазіргі студенттерім «Бұл кітап туралы не білмегенбіз, бұл құнды мұра неге мектепте оқытылмаған?» деп қайран қалады. Жүсіпбектің «Психологиясы» қазіргі қазаққа қалдырған аманаты деуге әбден болады. Адам болып қалу үшін не істеу керек? Адам жаны мен тәніне не қажет? Неге тәнін ғана күтіп сақтағандар, біржақты ессіздіктен тән қажеттіліктерімен ғана шектеліп өмір сүргенін білмей өтеді? Адамдықты ұстану үшін Тәнді Жанға неге бағындыру керек? Қалай бағындыру керек?

Қазақ неге «Арым – жанымның садағасы» деген? Осындай ақылды, асыл сөздер кітапта ретімен орынды келтірілген. Бір студентім: «Жүсіпбек Аймауытұлы «Психологиясын» мектепте оқығандар ешқашан қазіргідей коррупционер болмас еді: тек ішіп, жегенді қумас еді» деп жазды. Студенттерім мектепте оқу керек еді деп өкінеді», – дейді ғалым.

P.S.

Алаш ардақтысы Жүсіпбек Аймауытұлы мұның бәрін XX ғасыр басында жазды. Арада бір ғасыр өткенде әлеуметтік желі арқылы «ақыл сататындар» көбейді. Жұртшылыққа қалай даму керек екенін үйретіп, пәлсәпа соғатындар қайраткердің «Психология» туралы кітабын парактап көрді ме екен?! Тіпті, «инфосығандардың» дәрісіне елітетіндер ақыл курсқа емес, «Психология» кітабына неге үңілмейді деп ойлайсың. Тіпті, бұл кітап олардың біраз ақыл-көнісіне жарайтыны анық еді.



қажыр. Жаңа әдет қонуға не жәрдем беретін болса, сонымен пайдаланыңыз; жаңа жолға түсіретін жағдайдан шықпаныз. Ескі әдет манайласатын міндеттерден бойды қашық ұстаныңыз. Өзіңізге өзіңіз уәде беріп, әлеумет алдында ант етіп, жаңа жолға түсуге қолдан келген құралды аямаңыз. Осы шарттар күнде орындалып отырса, жаңа әдет жамала бермек, ескі әдет жоғала бермек» екенін жазады.

Сондай-ақ «адам мінезінің, ақыл-қайратының әртүрлі болуы

ТАНЫМ

19 ҚАЗАН 2024 | СЕНБІ



Қоңыр күздің қара күзге ұласар шағы – осы. Сағақтарынан әл кете бастаған жапырақтары жауған ағаштар бейне бір енді ғана төңкерілген құмсағат секілді жаңа уақыттың басталғанын білдіретіндей. Дәурені көше бастаған тал-дарақтардың сай-сүйегін сырқырата соққан Жел жапырақ-жастығын ұрлайтын Уақыттың рөліне мықтап бекіген. Иә, Жел – бұл маусымда тым сабырсыз. Дүние жаралғалы Жел адамзат тарихына қаншама өзгерістер әкелді десеңізші?! Мүмкін Ньютон данышпанның басына құлаған алманы да Жел тербеп құлатқан болар... Ал жұмыр басты пенде баласына шәй ішуді де үйреткен Жел болып шықса ше?! Қытайлықтар бұған имандай сенеді.

жауап ретінде моңғол ханы оған 200 қорап шәй жөнелткен. Алғашқыда патша бұндай сыйлыққа қатты ашуланыпты. Бірақ кейін жаңа сусын патшаның да көңілінен шыға бастайды. Әуелгі кезде шәйді дәрі орнына қолданып, кейіннен сусын ретінде ішу басталған. Ресей патшасы орыс көпестерін шәй алып келу үшін 1669 жылы Пекинге әдейілеп жіберген.

ҚАЗАҚСТАНҒА ШӘЙ ҚАШАН КЕЛГЕН?

Ұлы Жібек жолымен Орталық Азияға да шәй тасымалданғанын айта кеттік. Бүгінде шәй ішпесе басы ауыратын қазақтарға алғаш

Сонымен қатар оның айтуынша, кейбір тарихи құжаттарға қарағанда, қазақ қоғамына шәйді мейлінше таратып, экономикалық тәуелді болдыруға Патшалық Ресей мүдделілік танытып, жүйелі жұмыс жүргізген. Мұны Орынбор облыстық Мемлекеттік архивте Орынбор өлкесі әскери губернаторы граф П.Эссенге 1829 жылы граф, вице-канцлер Нессельродтың жолдаған хатынан айқын көреміз. Онда мынадай ой айтылады: «Орал тауының ар жағында өмір сүретін көшпелі халықтар (қазақтар мен башқұрттар) арасында кірпіш шәйді тұтыну әдетін енгізу керек және бұл Ресей мемлекетінің Қытаймен, оның ішінде Қияқты кедені арқылы жасалатын сауда-саттықта мол кіріс әкелуге тиіс». Қалай болғанда да XVIII ғасырдың соңғы бөлігі мен XIX ғасырдың басында қазақтар шәйді көптеп тұтынатын халыққа айнала бастайды.

Ал Бөкей ордасы тарихи-музей кешенінің экскурсия жүргізушісі Мира Кутушеваның жазуынша, Еділ мен Жайық арасында пайда болған. Ішкі қазақ ордасында, яғни Бөкейлікте 1832 жылдан бастап «Жан жәрменкесі» ұйымдастырыла бастағанды шәйдің жөні бөлек болған. Ал осы хан жәрменкесінде сауда-саттықпен айналысқан татар саудагерлері мен орыс көпестерінің қазақ өміріне әкелген жаңалығының бірі шәй еді. Олар шәй сатумен бірге оны дайындайтын ыдыс-аяқты, шәй ішетін дәмді-тәттілерін де әкелген. Бірақ бұл тауарлардың қымбаттығына байланысты кез келгеннің қолы жетпеген. Тек аумақтықтардың дастарханында болған.

Қазақтың көптеген белгілі тұлғалары үшін шәй құмартып ішетін сүйікті сусынына айналған. Солардың бірі – хакім Абай. Баласы Тұрағұл өз естелігінде былай деп жазады: «Қағаз шәйдан басқа шәй ішкен емес, қантсыз шәй ішкенін көргем жоқ, бірақ ол қанты алдында жатады. Көп жегіш емес. Таңертеңгі шәйіне кейде жұмыртқа қостырып құймақ құйғызады, кейде самса пісіртеді, жеке бауырсақпен іше қоймаушы еді. Шәйін стаканға құйғызып, ыстық күйінде ішпей, салқындаған кезінде жұта салатын».

Орыс ғалымы М.Киттара XIX ғасырдың ортасында «қазақтар шәй ішкенде уақыт та, жер де талғамайды» деп жазды.

ШӘЙ ІШІП КЕТСЕҢ ҚАЙТЕДІ, ҚЫТАЙ ҚЫЗ ҰСЫНҒАН КЕСЕДЕН

А Наурызбек САРША

ШӘЙ ТАРИХЫНЫҢ БАСТАУЫ

Біз сапарлаған Ханчжоу қаласында Қытай шәй музейі бар. 2019 жылы мұнда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ҚХР-ға сапары аясында Ханчжоу қаласының мәдени нысандарын аралап жүріп бас сұққан екен. Залдарды қарау кезінде Ханчжоу қаласындағы Сиху өзенінің көрікті жерлері бойынша әкімшілік комитетінің жетекшісі Вэн Вэньце мен мұражай директоры У Сюли Қазақстан Президентіне шәй дәстүрінің ерекшеліктері мен шәй әдебі, сондай-ақ Қытайдың түрлі провинцияларындағы шәй мәдениеті туралы айтып, Мемлекет басшысына шәй рәсімін көрсеткен.

Музейде жиі экспозициялар, академиялық зерттеулер, ғылымды насихаттау бойынша түрлі іс-шаралар ұйымдастырылып тұрады. Шәй тарихының залында сарапшылар Camellia Sinensis шәй өнімі дәл орта патшалықтан шыққанын егжей-тегжейлі дәлелдейді. Қытайлықтар алдымен шәй бұтақтарын отырғызып, хош иісті сусын шығара бастады. Бұл мәдениеттің пайда болуы туралы көптеген теориялар бар. Ең алғашқы шәй жапырақтарын археологтар кабірлерден 2400 жылдан астам уақыт бұрынғы соғысушы патшалық кезеңінен тапқан деседі. Батыс Хан әулеті кезінде адамдарда сусынның әсері туралы алдын-ала түсініктер болған. Сол кезде адамдар шәй туралы «жан тыныштығына қол жеткізуге және қуат беруге, суыққа төзімділікті қамтамасыз етуге, аштықты қанағаттандыруға және картаюды бәсеңдетуге көмектесетін нәрсе» деп бағалаған екен. Осы қасиеттердің арқасында халық өсімдікке көбі-

рек көңіл бөле бастап, қоғамда өндіріс пен тұтынуға байланысты көптеген әдет-ғұрып қалыптасып, орныға бастайды. Таң әулетінің билігі шәй мәдениетінің өркендеуіне жол ашып, тиісті рәсімдермен толығып, танымалдығын арттырды. Адамдар шәй жапырақтарын өңдеуге бел шеше кірісті. Оның технологияларын дамытып, өндіру мен сақтаудың әртүрлі формалары пайда болды. Сонымен бірге шәй туралы ғылыми еңбектер пайда болып, Сун әулетінде де бұл қарқын үдей түсті. Бұл уақытта шәй адамдардың күнделікті өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Шәй жазушылар мен ақындардың, каллиграфтардың және суретшілердің шығармашылығындағы маңызды тақырыпқа айналды. Кейіннен валюта деңгейіне көтеріліп, Ұлы Жібек жолы арқылы бүкіл әлемге таралып, жібек пен фарформен бірге Орта патшалықтың үш негізгі экспортының біріне айналды. Осылайша, Сианнан басталып, Шыңжаңдағы Тяньшуй, Ланьчжоу және Хэси дәлізі, сондай-ақ Персияға, Үндістанға және Римге Конглин таулары арқылы өтетін шәй жолы пайда болды. Шәй экспортының негізгі бағыты Жапония, Персия, Арабия және Үндістанға бағытталды, онда ол орта патшалықтың Оңтүстік-Шығыс теңіз аймақтарынан жеткізілді. Камелияның танымалдылығын Марко Поло да жақсы сипаттап, ежелгі қытайлықтардың шәй мәдениеті әртүрлі этникалық топтарға әсер еткенін атап өтті.

ӘЛЕМГЕ ҚАЛАЙ ТАРАЛДЫ?

Осылайша, Ұлы Жібек жолы арқылы шәй әлемнің түкпір-түкпіріне жол тартты. Мысалы, Моңғолия мен Ресейде сығылған жапырақтарды қайнатуға негізделген шәй дәстүрінің моделі қалыптасты. Шығыс Азия елдерінде – Жапония мен Кореяда шәй ішу дәстүрі жо-

ғары дәрежеде дамып, шәй ішу рәсіміне жол ашып, қарапайым адамдар үшін күнделікті сусынға айналды. Сондай-ақ ағылшындардың осы мәдениеттің таралуына қосқан үлесін айта кеткеніміз жөн. Тұманды Альбион тұрғындарының шәймен танысуы X ғасырдың бірінші жартысынан басталады және бұл процесте голландиялықтар маңызды рөл атқарды делінеді дерек көздерінде. Олар теңіздегі Ұлы Жібек жолы арқылы Қытаймен шәй саудасын бірінші болып бастап, өнімді басқа мемлекеттерге тасымалдап саудалайды. Англия солардың бірі болды. Шәй алдымен кофеханаларда сатылғанымен, жергілікті тұрғындар бұл өнім туралы көп білмеді. Екінші Екатерина патшайым билік еткен жылдары британдық өмірге шәй ішу стилін енгізген деседі. Кейінірек, алдымен Англияда, содан кейін бүкіл Еуропада дворяндардан бастап қарапайым адамдарға дейін тұрақты тұтынатын сусынға айналды. Еуропаға шәйді венециялық саудагерлер алып барған деген де дерек бар. Ал шәйді нарыққа енгізіп, кеңінен саудалануына португалдық көпестердің тигізген әсері зор болған. Сол кезеңдерде шәй өте бағалы болғандықтан, тек дәріханаларда сатылып, оны байлар ғана қолданатын. Ағылшындар Үндістан мен Цейлондағы коллонияларында шәй өсіріп, Қытайдың монополиясына бәсекелестік тудырып, шәй нарығында көш бастай бастады. Шәй XVI ғасырдың бас кезінде Ресей, Орта Азия және моңғол халқы достық қарым-қатынас жасап тұрған уақытта Ресейге 1638 жылы келіпті. Ресей патшасы Михаил Романов 1638 жылы моңғол ханына сыйлық жібереді. Орыс елшісі Стариков Мәскеу патшасына Моңғол ханның сыйлыққа берген шәйін әкеліп береді. Патшадан келген бағалы сыйлыққа

қай уақытта келген еді? Қаламгер Асылбек Байтанұлының жазуынша, қазақтардың шәйді сусын ретінде қолдана бастағаны туралы деректер, әсіресе XVIII ғасырдағы орыс, қытай құжаттарында жиі кездеседі. «Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері, яғни Қытай патшалық дәуірінің мұрағат құжаттары» атты кітаптың екінші томында (қытай тілінен аударған Бақыт Еженханұлы) «...Тайпа-тайпаға бөлінетін қазақтар әр жерде тұрады... Ішкі Қытайдан шығатын шәйді олар аса ұнатпайды, сондықтан ондай шәйлерді оларға апарудың қажеті жоқ...», – деп анықтап жазады. 1758 жылы 8 сәуірде тиісті лауазымды орындарға жолданған бұл құжаттан қазақтардың шәйге деген сұранысы мен талғамын аңғарамыз. Бұл – Жоңғария құлағаннан кейін Үрімжіге қазақтардың Мәнжі-Шың үкіметімен айырбас сауда жасай бастаған кезі. Демек, дәл осы кезеңнен, яғни бірнеше ғасыр бойы Қытаймен ортада буфер болып, саяси-экономикалық тұрғыда Орта Азияны ықпалында ұстаған Жоңғария жойылған кезден бастап қазақтарда шәй ішу дәстүрі қарқын ала бастады деп айтуымызға болады. Ресейде де бұл кезеңде шәй танымал сусынға айналып үлгерген еді», – дейді қаламгер.

Түйін:

Бір адам орташа есеппен жылына 1,4 келі шәй тұтынатын болса, даулы мәселелер де, қуаныш пен қайғыны да дастарханымда бөліскен қазақтың өмірінде де шәйдің алар орыны ерекше. Шәйдің қазақ өміріне етене еніп кеткені соншалық, «бір шәугім шәй – әр қонақтың несібесі» деген сөз еніп, тойдан кейін де «өзіміз отырып шәй ішейік» деп немесе «келінің қолынан шәй ішу» деген де кең етек алған. Мақаламызды Қадыр Мырза Әлінің «Қызыл шәй және қызық» өлеңінің мына бір жолдарымен аяқтағанды жөн көрдік:

«Ақ дастархан – Ақ ниетің, Ырысың.
Ақ көңілмен айтасың сен дұрысың.
Қаймақ қатқан күрен шәйдан жазылар
Қайдағы бір құрысың мен тырысың».

ЖАҢАН-САРАП

19 ҚАЗАН 2024 | СЕНБІ

(Басы 1-бетте)

Амангелді ҚҰРМЕТ

Әдетте, адамзат БҰҰ-ны халықаралық қауіпсіздік пен бейбітшілікті сақтау мақсатында құрылған ұйым ретінде таниды. Барлық ұлтты тең көретін, баршаның баласын бауырына басуға тиіс ұйым — бұл. Әр ұлттың өз тағдырын өзі айқындап, мемлекет құру құқын мойындайтын, сөйте тұра күні бүгінге дейін құрылған мемлекеттердің аумақтық тұтастығының сақталуын жақтайтын институт. Алайда соңғы жылдары БҰҰ өз жарғысында көрініс тапқан ережелерді тәлі мен тентекке орындата алмай жүр. Өзге түгілі БҰҰ Қауіпсіздік кеңесі тұрақты мүшесінің өзі көршінің тарпа бас салып, аумақтық тұтастықтың бұзғанынан соң, бұл ұйымның өзгеге сөзі өтетініне сену қиын. БҰҰ резолюциялары жарияланып жатады, жиналғандар дауыс береді. Бірақ түбегейлі орындалатын қарарлар саны көп емес.

ОРЫНДАЛМАЙТЫН РЕЗОЛЮЦИЯЛАР КӨП

Айталық, БҰҰ 1993 жылы Таулы Карабак аймағының Әзербайжан жері екенін мойындайтын 4 бірдей резолюция қабылдаған. Олар 822, 853, 874, 884-ші резолюциялар еді. Оларды Армения орындаған жоқ. Кейін өз аумақтық тұтастығын Әзербайжан қарудың күшімен қалпына келтірді. Тағы бір мысал айтайық, 2022 жылдың 12 қазанында БҰҰ Бас Ассамблеясының төтенше мақсаттағы арнайы сессиясында ES-11/4 резолюциясы қабылданды. Онда Украинаның Донецк, Запорожье, Луганск және Херсон облыстарына қатысты қабылдаған шешімнің күшін жою Ресейден талап етілген. Украинаның аумақтық тұтастығының сақталуына қатысты мұндай резолюциялар аз емес, бірақ орындалғаны жоқ. Ал Израильге қатысты БҰҰ қабылдаған резолюциялар толып жатыр. Мәселен, тек 1979 жылдың өзінде — 7, 1980 жылдың алғашқы алты айында 8 резолюция қабылдады. Мысалы, 1980 жылдың 30 шілдесінде БҰҰ Қауіпсіздік кеңесі қабылдаған 480-ші резолюция Тель-Авивтен Палестина жерінен, соның ішінде Иерусалимнен кетуді және БҰҰ-ның бұрынғы резолюцияларын орындауды талап етеді. Бірақ бұл талаптарды Израиль орындамады. Биыл 18 қыркүйекте де резолюция қабылдаған. 124 ел жақтап, 43 ел қалыс қалып, 14 мемлекет қарсы болған жоба еді. Резолюцияда «12 айдың ішінде Израиль күштері өздері басып алған Палестина жерінен кетуі керек» делінген. Бірақ оған назар аударған Тель-Авив шенділерін көрмедік.

Керісінше, қазір Израиль премьері Беньямин Нетаньяху БҰҰ Бас хатшысы Гутеррештен Оңтүстік Ливаннан халықаралық бітімгерлік күштерді алып кетуді талап етіп жатыр. Израиль БҰҰ бітімгерлерін «Хезболла» қалқан қылып отыр деп есептейді екен. Яғни, атыс нүктелерін БҰҰ күштеріне өте жақын етіп орналастыратын көрінеді. Ал The New York Times болса, өз дереккөздеріне сүйене отырып, Израильдің де өз күштерін БҰҰ бітімгерлері базасына жақын орналастырып, бітімгерлерге қауіп төндіріп жатқанын жазғаны бар.

Қазанның 13-і күні Израильдің екі Merkava танкісі Оңтүстік Ливандағы БҰҰ бітімгерлік күштері



БҰҰ: ҚАУҚАРЫ ҚАЙТТЫ МА, ӘЛДЕ?..

базалары бірінің дарбазасын бұзып кіріп, базадағы жарықты сөндіруді талап етіпті. Екі рет оқ атқан. Бірнеше бітімгердің жараланғаны жайлы мәлімет тарап жатыр. Тель-Авив танктер дарбазаны бұзбағанын, базаға бұрынғы ұрыстарда жараланған екі жауынгерді алып кетуге келгенін, бір-ақ рет оқ атқанын мәлімдеді. Ливандағы БҰҰ бітімгерлік күштерінің қолбасшысы Арольдо Лазаро болса: «Ливанның оңтүстігіндегі бітімгерлер қиын жағдайда жұмыс істеп жатыр. Жұырда маған позициясын ЦАХАЛ (Израиль мемлекетінің қарулы күштері) атқылап тастаған италияндық бітімгерлерге барудың сәті түсті. Әрі бітімгерлер позициясына жақын маңайда ЦАХАЛ мен «Хезболла» күштерінің қиянқескі шайқасын көрдім. Мен бітімгерлердің батылдығы мен өз ісіне берілгенін көріп, іштей мақтандым», — деп жазды Х платформасында.

БҰҰ бітімгерлеріне шабуылдау миссия жұмыс істеп жүрген аймақтардың біразында болды. 1996 жылы Израиль UNIFIL күштері орналасқан кампусты атқылап, 106 бейбіт тұрғынды өлтірген еді. Сол кезде 4 бітімгер жараланған. 2017 жылы Конго демократиялық республикасында жұмыс істеп жүрген БҰҰ бітімгерлеріне шабуыл жасалып, миссия құрамындағы 14 жауынгер қаза тауып, 44-і жараланған болатын. А.Гутерреш сол оқиғаны БҰҰ бітімгерлеріне жасалған тарихтағы ең ірі шабуыл деп бағалаған.

БАС ХАТШЫНЫҢ БЕДЕЛІ ҚАНДАЙ?

Бәлкім, бітімгерлерге шабуылды ұрыс болып жатқан аймақтардағы оқыс оқиғалардың қатарына қосуға болатын шығар. Дегенмен әр шабуылдың астарына үңілген артық болмайды. Ал БҰҰ құрылымдарының шешімдерін мақсатты түрде орындамай, Бас хатшыға саяси қысым жасау — мүлдем басқа әңгіме. Айталық биыл 2 қазанда Израиль БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерришті «персона нон грата» деп жариялап, айды аспаннан бір-ақ шығарды. Біздің білуімізше, БҰҰ Бас хатшысын «персона нон грата» деп жариялаған оқиға ұйымның 80 жылға жуықтаған тарихында алғаш рет тіркелді-ау шамасы.

Рас, БҰҰ тарихында Бас хатшыға белгілі бір қысым жасау, үміткер ретінде аты ұсынылған дипломаттарға Қауіпсіздік кеңесі тұрақты бес мүшесінің veto қойған сәттері болған. Тіпті, БҰҰ екінші Бас хатшысы қаза тапқан.

1961 жылдың 18 қыркүйегінде Африка құрлығында болған ұшақ апатынан сол кездегі Бас хатшы Даг Хаммаршельд мерт болған. Тергеу бастапқы кезде шынымен ұшақ апаты деп бағалағанмен, кейінгі жылдары, дәлірек айтқанда, 2013 жылдан бері ол қастандықпен өлтірілуі мүмкін дейтін болжап айтылып жүр. Тергеу де басталған. Бірақ бірқатар мемлекеттердің, соның ішінде АҚШ, Ұлыбритания, Бельгия қатарлы елдердің арнайы қызмет мәліметтері

бермеуіне байланысты Д.Хаммаршельдтің өліміне қатысты іс алға жылжымады.

БҰҰ тарихындағы екінші Бас хатшының қызметі істеген жылдар ұйым біршама күшейген кез. Кореядағы соғыста тұтқындарды құтқару, бітімгерлер контингентін жасақтап, алғаш рет Суэц дағдарысы кезінде жасалды. Орнын кетуді талап кеткен КСРО басшысы Никита Хрущевке Даг Хаммаршельдтің: «Мен орнымда қаламын. Дәл қазіргідей турбуленттік кезде кету оңай. Күшті державалардың талабына бас ию өте оңай. Ал мені сайлағандардың, біздің көмегімізге мұқтаждардың игілігі үшін жұмыс істеу әлдеқайда қиын», — деп жауап бергені аңыз болып қалды.

Тағы бір Бас хатшы Бутрос Фали қызмет еткен жылдар коммунистік идеология күйреп, ондаған жаңа мемлекет тәуелсіздік алған тұс еді. Өткен ғасырдың 90-жылдары. БҰҰ Бас хатшысы ұйымның біршама тәуелсіз жұмыс істеуіне мүдделі болғаны бар. Түрлі қақтығыстарды тоқтатуға тырысқанмен, бұрынғы Югославия жеріндегі соғысқа, Руандадағы геноцидке тоқсауыл қоя алмады. Ұйымды біршама күшейтіп, ешкімнің ықпалында жүрмейтін құрылым ету идеясын жақтаған Б.Фалидің екінші рет сайлануына АҚШ veto қойған-ды.

Енді міне, әлемдегі ең ірі ұйымның Бас хатшысын «персона нон грата» деп жариялап жатыр. Шамасы, жер бетіндегі ұлттар мен ұлыстарды біріктіретін, бейбітшілікті сақтап, тұрақты дамуды қамтамасыз ететін ұйым қуатты мемлекеттер үшін бақшаға орнатқан қарақшы құрлы құны жоқ болып тұрған сынайлы. Әйтпесе, дәл А.Гутерриштің мәлімдемесі бас жарып, көз шығаратындай емес еді. Ол Иран Израильге зымыран шабуылын жасаған кезде Х платформасында «Мен Таяу Шығыстағы қақтығыстың кеңейіп, эскалация артынан эскалация болып жатқанын айыптаймын. Бұл тоқтатылуы керек. Бізге сөз жок атысты тоқтату қажет» деген еді. Тель-Авивтегілер тулап шыға келген соң Бас хатшы: «Менің кешегі айыптау мәлімдемеңің контексінен түсінгендеріңіздей, мен Иранның Израильге жасаған жаппай зымыран шабуылын қатаң айыптаймын», — деді. Әрі «Мен Бас хатшы қызметін атқарған жылдар ішінде былтырғы қазаннан бері Израиль Газа секторында өлім құсқан ең жойқын әскери кампания жүргізді. Сонымен бірге палестиналық қарулы топтар да зорлық-зомбылық жасап жатыр. «Хамас» зымыранмен атқылауын тоқтатар емес», — деп қосып қойған. Ал Тель-Авивтегі шенеуніктер БҰҰ Бас хатшысының Газа секторында былтырдан бері мыңдаған адамның қаза тапқанын жиі айтқанына шамданатын сияқты. Содан да болар 13 қазанда Израиль сыртқы істер министрі Исраэль Кац Бас хатшыдан «персона нон грата» алынбайтынын мәлімдеді.

ҚАЗАҚСТАН БҰҰ-НЫ РЕФОРМАЛАУДЫ ЖАҚТАЙДЫ

Қазақстан билігі ұйымның сақталып қалуын жақтағанмен,

реформалауды қолдап жүр. Әсіресе, БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің қызметіне біздің көңіліміз толмайды. Мұндай пікірді Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бірнеше рет айтты. 2023 жылдың 3 қарашасында Астанада өткен Түркі мемлекеттері ұйымы басшыларының саммитінде: «БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің қызметі тоқырауға түскені жасырын емес. Осындай кезде Бас Ассамблеяның рөлін күшейту керек. Бұл ретте Қауіпсіздік кеңесін реформалау ісінде мейлінше сындарлы болу қажет. Біздің ойымызша, бұл маңызды орган әлемнің барлық аймағын қамтитын мемлекеттермен толықтыруға тиіс. Әсіресе, жаһандық Оңтүстік елдері тыс қалмауы керек», — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

БҰҰ-да жұмыс істеген, ұйым қызметін сырттай бақылап қана қоймай, оған іштей араласқан кәсіпші дипломат ретінде Қ.Тоқаев Қауіпсіздік кеңесіндегі тұрақты бес мүшенің ықпалы зор екенін жақсы біледі. Қуатты елдердің БҰҰ-ның баршаның мүддесін тең қорғайтын ұйымға айналуына жол бермей отырғаны да оған таныс мәселе. Ал Қазақстан тәрізді «орта державалардың» БҰҰ Қауіпсіздік кеңесіндегі рөлі көп емес. Өйткені тұрақты 5 мүше бар. Қалғандары кезекпен айналып келеді. Сол себепті былтыр БҰҰ Бас Ассамблеясының 78-сессиясында Қ.Тоқаев бұл мәселені ашық айтқан. Тек дипломатқа тән риторикаға сүйенді.

«Кеңесте «орта державалардың» және барлық дамушы елдердің үні күшейетініне, анық естілетініне кәміл сенемін. Байқауымызша, Қауіпсіздік кеңесі тығырықтан шыға алмайтын сияқты. Сондықтан бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтауда маңызды рөл атқара алу үшін оның құрамында басқа елдер, соның ішінде Қазақстан да болуы керек», — деген болатын Мемлекет басшысы.

Ал биыл 18 қазанда өткен Astana Think Tank форумында Қазақстан президенті: «Біріккен Ұлттар Ұйымына келетін болсақ, мен оны нығайту керек деген сенімдемін. Өйткені оның орнын басатын ұйым жоқ. БҰҰ-да көптеген кемшілік болғанымен, бізде басқа балама жоқ. Сондықтан Қазақстан БҰҰ рөлін нығайту бойынша осындай ұстанымдағы барлық елмен ынтымақтаса беруге ниетті. Аймақтық державалар мен орта державалардың үні, ең алдымен, Қауіпсіздік кеңесінде естілуге тиіс. Қауіпсіздік кеңесі де реформаға мұқтаж. Өйткені ол, өкінішке қарай, тығырыққа тірелді. Ал одан шығудың жолын бірізсіз бірлесіп табуымыз керек. Біз келесі жылы 80-жылдығын атап өтетін Біріккен Ұлттар Ұйымына қолдау көрсетуіміз қажет», — деді.

Шынында да, халықаралық сахнада БҰҰ-на балама болатын ұйым жоқ. Шексіз ғарыш кеңістігінде құм түйіріндей де болмайтын Жер шарындағы біріге алмай жүрген ұлттардың басын қосып, кез келген мәселені диалогпен шешудің жолын осы ұйым ұсынады. Тек жаңғырып, қуатының артқаны керек. Әйтпесе, ірі ұйымды қуыршақ құрлы көрмейтін «алыптар» бар әлемде. Олардың астыртын текетіресі «екі түйе сүйкенсе, ортасында шыбын өледі» дейтін жағдайды қалыптастырып келе жатыр.

ЖАҒАН-САРАП

19 ҚАЗАН 2024 | СЕНБІ

КӨРШІЛЕРМЕН АРАЗДЫҚ ИЗРАИЛЬДІ КҮЙРЕТІП ТЫНБАС ПА?

Палестина, Йемен, Сирия, Ливан, Иран... Францияның қару-жарақ эмбаргосы... Батыстағы либералды қоғамның ашық наразылығы... Бір қарағанда, небәрі 9,9 млн халқы бар Израиль «мыңмен жалғыз алысқан», жауын жайпап тауысқан алапат қайрат иесіндей көрінеді. Шынында, кеше «Walla!» басылымы «Еліміз депрессияда» деген азалы тақырыппен шықты. Израильдің Тәуелділік пен психикалық денсаулық орталығының есебінше, бұл ел тұрғындарының 9,5%-ы психикалық-жүйке жүйесі бұзылып, тиісті есепке қойылған.

А Айхан ШӘРІП

Ашық аспан, бейбіт заман кез келген ел жұртшылығының жанын жадыратып, көңілін марқайтса керек. Керісінше, жан-жағын жаумен қоршаған, жер бетінен жойылып кетпеу үшін өмір мен өлім арасында арпалысқан мемлекеттегі тұрғындардың әр күні қапаста ауыздығымен алысқан асаудай мазасыз, алаң көңілде өтері даусыз. Тәуелділік пен психикалық денсаулық орталығының (ИСА) есебінде айтылғандай, 2023 жылғы қазанда «Хамас»-қа қарсы «Темір қылыштар» соғысы басталғалы, бір-ақ жыл ішінде Израильде есепке тұрып, седативті заттар колданытын азаматтар саны 2,5 есеге күрт өскен.

ИСА зерттеуі бұл мемлекетте ішімдік, есірткі сияқты тәуелділік тудыратын заттарды тұтынатын, психикалық жай күйін жасанды түрде өзгертуге ұмтылатын, аддиктивті мінез-құлқы ушыққан, сондай-ақ посттравматикалық симптомдары бар тұрғындардың үлесі 25%-ға жеткенін әшкереледі. Газа секторындағы соғыс Израильдің жас ұрпағына соққы болды: ИСА орталығының зерттеуі көрсеткендей, 18-26 жастағы жастардың 27%-ының, 27-39 жастағы азаматтардың 20%-ының — психикалық денсаулығында «ауыр формадағы симптомдар» тіркелген. Аталған орталықтың профессоры Шаули Лев-Ран: «Израиль қоғамының психикалық денсаулығы үшін соғыстың салдарлары кең ауқымды болатынын, сондықтан алдын алуға және тиімді сауықтыруға арналған әлеуметтік, медициналық бағдарламалар қажеттігін» ескертті.

Израиль үкіметінің өз халқына мойын бұруға, дәуірдің бұл сынағына лайықты үн қатып, саймасы жауап іздеуге уақыты да, мүмкіндігі де жоқ. Ол Иранмен соғысқа дайындыққа бас қатырып жатыр. Дәл осы кезде оның өзге көршілерімен қатынасы ушықты. Шетелдік ақпарат құралдары Газа секторындағы ахуал қайта күрделенгенін жазды: ондағы ЦАХАЛдың (Израильдің қорғаныс армиясының) жауынгерлеріне шабуылдар үдеген. «Хамастың қайта топтасуына жол бермеу үшін» деген сылтаумен Израиль әскері екі апта бұрын Газа секторының бұрын босатқан солтүстік өңіріне шапқыншылығын қайта жандандырып, Джабалия ауданында қиын-кескі шайқасқа қилікті.

Таяуда басталған Ливанға қарсы соғысы қызған шағына жетті. Цахал «Хезболла» тобына қарсы әуедегі және жердегі шабуылдарын күшейтті. Би-Би-Си жазуынша, «Хезболла» — бүкіл әлемдегі мемлекеттік емес ең қуатты қарулы топтардың бірі. Палестиналық «Хамасты» жоя алмаған Израильдің ливандық «Хезболланы» түбегейлі құртуға күші жетуі неғайбыл.

Бұл қарулы топ жуырда, иудейлер үшін қасиетті «Йом Кипур» мерекесінде Израильге үстемелете соққы беріп, бірнеше жүз зымыранмен, дрондармен атқылады. Оның көбісін әйгілі «Темір күмбез», авиация тұтып жойды. Бірақ израильдік сарапшылар оның да сыр бере бастағанын ашық айтады. Мысалы, апта басында The Times of Israel жариялағандай, «Хезболла» Израильдің Биньямин ауданындағы әскери базасына дрондармен соққы беруі салдарынан 70-ке жуық жауынгері жараланды, кем дегенде төрт солдат қаза тапқан.

Израильдің әуе шабуылына қарсы жүйесі деградалацияланып, күйреуі мүмкін екенін түсінген АҚШ Украина қиыла сұрағанда бермеген ТНААД жүйесінің тұтас батареясын — америкалық мамандарымен бірге Израильге барынша шұғыл жолдауға шешім қабылдады. Бұл жүйе сондай-ақ Иран тарапынан күшейген қауіп-қатермен күреске де жұмылдырылады. Ресми Тегеран америкалық әскери әуе күштері Израильге кірмеуі тиістігі жөнінде Вашингтонға ескерту жасады.

Бұған жауап ретінде Пентагон өкілі, генерал-майор Пэт Райдер әуе қорғанысына арналған ТНААД батареясы Израильде тікелей президент Джо Байденнің нұсқауымен өрістетілетінін мәлімдеді: «Бұл қадам Израильді Иранның кез келген баллистикалық зымыран шабуылынан қорғаудағы Құрама Штаттардың темірдей беріктігін паш етеді», — деді Райдер. Осының алдында, биылғы 1 қазанда Иран Израильге қарай 180 зымыран ұшырған болатын. Онысы жауына көп зардап әкеле қоймады.

АҚШ Конгресінің Зерттеу қызметінің сәуірдегі есебіне жүгінсек, америкалық армияда қазіргі кезде ТНААД-тың 7 батареясы ғана бар. Оның әрқайсысы жүк көліктерінде орнатылған 6 ұшыру қондырғысынан, 48 зымыран

тар мен дрондар қажет болады. АҚШ-тың келісімі осы үшін де керек», — деді бұрынғы отандасымыз.

Осы орайда The Washington Post жағдаймен таныс дереккөздеріне сілтеме жасап, бұл

Трамп керісінше, Израильді Иранның ядролық объектілеріне аяусыз соққы беруге шақырды: «Алдымен ядролық объектілерін күйретулерің қажет, қалғанына кейін бас қатырасыңдар!» — деді Трамп сайлауалды митингте.

Израильдік саясаттанушы Уди Эцион өз елінің Иранмен соғысқа 20 жыл бойы дайындалғанын жазады. Оның дерегінше, өткен айда Израиль F-15 ұшақтарымен өз шекарасынан 1 800 шақырымда, көрші Йемен аумағындағы нысаналарды шабуылдады. F-15 жойғыш ұшақтары әуе бастан жаудың авиациясымен күреске арналған. Алайда Израиль оны америкалық және израильдік қару түрлерімен жердегі нысаналарға зымырандық-бомбалық соққы беруі үшін қайта жабдықтап шықты.

«Израильді Иранмен де Йеменмен арадағыдай қашықтық бөліп тұр. Бірақ ирандық ядролық және әскери объектілерді шабуылдау — төтенше күрделі міндет. Баллистикалық зымырандардың қоймалары, ядролық нысандар жер астында терен жасырылған. Бұған қоса, Иран негізінен өзі әзірлеген заманауи әуе қорғанысы құралдарына ие. Ол Израильдің ұшырған зымырандарын қағып түсіре алуы мүмкін», — дейді Уди Эцион.

Израильмен қатығысқа Тегеран да дайындалып жатыр. Бұл елде көп нәрсе құпияға жатқызылғандықтан, әзірліктің қандай күйде екені белгісіз. Шетелдік және ресейлік ақпарат құралдары Мәскеудің оған осы айда заманауи С-400 «Триумф» зениттік зымыран кешенінің дивизионын жеткізгенін хабарлады. Сондай-ақ ирандық басылымдар жергілікті ғалымдар мен мамандар әзірлеген зениттік зымыран кешендері ресейлік С-300 кешендеріне жол бермейтініне сендіреді.

Бұдан бөлек, ирандық әскери-әуе күштерінің ұстынын ескірген ресейлік МиГ-29 жойғыш ұшақтары және америкалық F-14 «Фантомдар» құрайды. Соңғыларын АҚШ шах тұсында, Иран зайырлы мемлекет болған өткен ғасырдың алпысыншы жылдары берген. Каспий бойынша бұл көршіміздің қолында 2,5 мың шақырымға ұша алатын қанатты зымырандары бар.

Оларды тұту үшін Израиль америкалық Lockheed Martin-мен бірлесіп, F-15I («Раам») және F-16I («Суфа») ұшақтарын жетілдірді, олар енді 4 сағатқа дейін тоқтаусыз ұша алады. Израильдің әскери авиациясының басты қаруы — америкалық F-35 бомбалаушы истребительдерін кемеліне келтіріп, жаудың әуе қорғанысы күштері үшін көрінбейтін етті (F-35-тің оригинал қосымша бақтары оның жасырынуына кедергі келтіреді).

Құрлықта шекарасы шектеспейтіндіктен, Иран мен Израиль өз ұшақ, зымыран, әуе қорғанысы жүйелерін сұрапыл әуе шайқастарына әзірлеп жатыр. Бұл соғыстан екеуінің де жеңімпаз шығуы неғайбыл. Себебі әскери шиеленіс экономикаларына алапат соққы берері даусыз. Кеше Израильдің Орталық статистика басқармасы елдің ЖІӨ өсімі 2024 жылғы II тоқсанда нөлге түскенін (баржоғы 0,3%) жариялады. Ендеше бейбіт күннен артық ештеңе жоқ, тек бейбітшілік қана бақуатты болашаққа, ынтымақ қана ырысқа, татулық қана тұрақты дамуға жол ашады.



тұтқыштан, сондай-ақ радиолокациялық жабықтардан тұрады. Оның әрбіріне қызмет көрсету үшін 95 маман-солдат талап етіледі. ТНААД 150-200 шақырым радиустағы аумақты бақылай алады.

Тель-Авивте тұратын экс-казакстандық, инженер Рифхат Жұмағалиев жергілікті халықтың көңілі алаңдаушылыққа толы екенін айтады.

— Соғысқа қарсы қалың-нөпір халық қатысатын шерулер жиі өтіп тұрады. Бір топ әскери де наразы үндеу жолдап, дүйім жұртты дүрліктірді. Бірақ билік Иранға қарсы соғысқа тоқтаусыз әзірленіп жатыр. Билік пен оппозиция бұл мәселеде бірауызды және кең консенсус бар: Иранның сәуірден бері екінші рет баллистикалық зымырандарымен жаппай атқылауы Израильге басқа жол қалдырмады. «Израиль Иранға шабуыл жасай ма?» деген сұрақ жоқ. Күн тәртібінде тек: «Қашан және қалай соққы жасайды?» деген сауал ғана бар, — деді Р.Жұмағалиев.

Оның айтуынша, ЦАХАЛ-ды шұғыл қимылдан тек Америка тежеп тұр: 5 қарашада АҚШ-та Президент сайлауы өтеді. Израиль дұшпанын әлсірету үшін Иранның мұнай өндірісі секторына, құбыр жүйелеріне соққы берсе, әлемде қара алтын бағасы шарықтап кетеді. Құрама Штаттарда электорат энергия ресурстарының қымбаттауына төзбейді және сайлауда соған жол берген биліктің қарсыласын қолдайды. Билік басындағы Демократиялық партия бұған жол бергісі келмейді.

«Қартаға қарасаңыз, Израиль мен Иран арасында Йордания, Ирак мемлекеттері жатқанын байқайсыз. «Хаарец» (израилдік газет) жазуынша, Иран мен Израиль арасы 2 362 шақырымнан асады. Ұшақтар Иранға жақындап, әуеден барынша дәлдікпен зымырандық соққы беріп, кері қайта алуы үшін оларға әуеде жанар-жағармай құюшы америкалық арнайы ұшақ-

тұрғыда президент Джо Байден Израиль премьері Биньямин Нетаньяхумен ымыраға қол жеткізгенін хабарлады. Оған сәйкес, алдағы шапқыншылығында Израиль Иранның ядролық және мұнай объектілеріне соққы жасамайды және жауынның әскери нысандарымен шектеледі. Америкалық сарапшылар ирандық мұнай нысандарына соққы әлемде энергиялық ресурстар бағасының шарықтауына, ал ядролық объектілерге шабуыл — соғыстың ары қарай эскалацияланып, шиеленіске АҚШ-тың кең тартылуына соқтырады деп алаңдайды. Сол себепті Байден қазан айының басынан бері Израильді сабырға шақырып, «басқа нұсқаларды қарастыруға» үндеді.

«Израильдің Иранға жауабы оның АҚШ-тағы сайлауға саяси ықпалын болдырмайтындай сипатта болуы тиіс. Өйткені израилдік соққының ауқымы Америкадағы президенттік доданың барысын күрт өзгертіп жіберуі мүмкін. Нетаньяхудың асығыс емес, ұстамды ұстаным танытуы АҚШ президентінің Израильге ТНААД зымыранға қарсы қуатты қорғаныс жүйесін бағыттау шешіміне оң әсер етті. WP дереккөзінің мәліметінше, Израильдің Иранға шабуылы 5 қарашада өтетін президенттік сайлауға дейін жүзеге асырылуы тиіс», — деп жазады The Washington Post.

Америкалық басылымның байламынша, Израиль өз территориясын үстемелете атқылауға мүлдем жауап бермесе, Тегеран мұны «қорқақтық, әлсіздік» деп түсінуі және шабуылын қайталауы мүмкін. Мұның сыртында АҚШ-пен кеңес-консультациялары кезінде Израиль «Ливандағы әскери операцияларын таяу апталарда тоқтататынын» жариялаған. Сөйтіп, ол барлық күш-жігерін Иранмен қатығысқа шоғырландыруы ықтимал.

Ал Нетаньяхудың досы, АҚШ президенттігіне кандидат Дональд

БҮГІН – ҚҰТҚАРУШЫЛАР КҮНІ

19 ҚАЗАН 2024 | СЕНБІ



Бүгін еліміздің азаматтық қорғаныс органдарына 29 жыл толып отыр. Тарихқа көз жүгіртсек, 1995 жылы Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитет елдің табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар және азаматтық қорғаныс саласындағы уәкілеттік берілген орталық атқарушы орган ретінде құрылған болатын. Осы күн азаматтық қорғау жүйесінің кәсіби мерекесі – Құтқарушылар күні болып белгіленді.

Нұрлан СӘРСЕНҒАЛИҰЛЫ

1995 жылдан бастап азаматтық қорғау жүйесі айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Орталық атқарушы органдардың құрылымын жетілдіру шеңберінде МКЖС комитет, агенттік, министрлік болып қайта құрылды, ПМ жүйесінде болды, одан әрі 2020 жылы ТЖМ боп бөлек шықты. Барлық кезеңде төтенше жағдайларды жою қызметі кәсіби түрде дамып, құтқару бөлімшелерімен толықтырылды.

ТЖ қызметтері жұмыс істеген жылдары (1995-2023 жж.) төтенше жағдайларды жоюға 1,6 млн астам рет шыққан екен. Өрт сөндірушілер мен құтқарушылардың қызметі, кәсібилігі, жеделдігі арқасында 421 мыңнан астам адам құтқарылған, ТЖ түрлі аймақтарынан 383 мыңнан астам адам эвакуацияланды, 72 мыңнан астам зардап шеккен адамға медициналық көмек көрсетілген.

Жыл сайын орта есеппен 18 мыңнан астам табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай, оның ішінде 12 мың өрт оқиғасы тіркеледі. Мәселен, биыл жыл басынан бері құтқару бөлімшелері өртке және авариялық-құтқару жұмыстарына 70 мыңнан астам рет шықты, 12 мыңнан астам адам құтқарылды, ТЖ аймағынан 65 мыңнан астам адам эвакуацияланды, 4,6 мың зардап шеккен адамға шұғыл медициналық

ҚИЫНДЫҚҚА ТОЛЫ ҚЫЗМЕТ

көмек және 1 мыңнан астам адамға шұғыл психологиялық көмек көрсетілді.

Азаматтық қорғау органдарында бүгінде 27 мыңнан астам қызметкер қызмет атқарады. Еліміздегі болашақ құтқарушыларды дайындайтын жалғыз жоғары оқу орны – Мәлік Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясы өз тарихында 6 мыңнан астам маман даярлап шығарды.

Еліміздің азаматтық қорғау жүйесін жетілдіру бойынша елеулі жұмыстар атқарылды. Олар – заңнаманы қабылдау, төтенше жағдайлардан қорғау үшін жаңа объектілер салу, құтқару және өрт техникасы мен жабдықтарын сатып алу, азаматтық қорғау органдары қызметкерлерінің жалақысын арттыру, қызмет өткеру жағдайларын жақсарту, кәсіби кадрларды даярлау, өрт-құтқару спорты мен халықаралық ынтымақтастықты дамыту. Осылайша, 29 жыл ішінде 1,7 мыңға жуық өрт-құтқару автотехникасы мен 22 мың бірлік өрт-құтқару жабдығы мен жарағы сатып алына, 38 өрт сөндіру депосы салынды. Жедел жағдайда талдау барысында трассалық медициналық-құтқару пункттерін жолдардың неғұрлым авариялық-қауіпті учаскелеріне көшіру мәселесі

пысықталған болатын. Биыл жедел әрекет етуді арттыру мақсатында «Анар» трассалық медициналық-құтқару пункті Ақмола облысы Аршалы кентіндегі өрт сөндіру бөлімінің ғимаратына көшірілді.

Ведомствоның мақсаты – қызметкерлердің әлеуметтік қамсыздандырылуын жақсарту, материалдық-техникалық жақсартуды нығайту, жаңа өрт сөндіру деполарын, құтқару станцияларын салу, әуе авиациясы паркін жаңарту. Азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесін ТЖ-ны жоюдан цифрландыруды енгізе отырып, олардың алдын алуға қайта бағдарлау көзделді. Осы мақсатта ТЖМ-да жаңадан ТЖ-ның алдын алу комитеті құрылды.

Каспий теңізінің қазақстандық секторының акваториясында Ұлттық теңіз авариялық-құтқару қызметін құру және азаматтық қорғау академиясының құрылысы бойынша мәселені жоспарлы пысықтау басталды. Осы мақсатта 20 өрт сөндіру депосының құрылысы жүрде, елордада бірегей тез салынатын өрт сөндіру депосы мен жатақхананың пилоттық жобасы іске қосылды. Жергілікті атқарушы органдардың қолдауымен құтқару-

Елімізде қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру мақсатында апта сайын профилактикалық акциялар мен оқу-жаттығулар өткізіледі, бұл ретте біздің құтқарушыларымыз өз дағдылары мен білімдерін шетелдік әріптестерімен бөлісіп отырады. Алматы облысының Тамғалы Тас шатқалында орналасқан «Жартасты қала – Астана» базалық полигонның ҰҚШҰ-ға мүше мемлекеттер – Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан Республикаларының және Ресей Федерациясының төтенше жағдайлардың алдын алу және олардың салдарын жою саласындағы уәкілетті органдарының құтқару бөлімшелерінің қатысуымен «Скала-2024» бірлескен арнайы-тактикалық оқу-жаттығу өтті.

Сонымен қатар осы полигонда Орталық Азия елдерінің өкілдері үшін ТЖ-да ұшқышсыз авиацияны қолдану бойынша мастер-тренинг өтті. Тренингке Қазақстан Республикасы ТЖМ, Қырғыз Республикасы ТЖМ, Тәжікстан Республикасы ТЖМ және Өзбекстан Республикасы ТЖМ ұшқышсыз ұшу аппараттарының 24 операторы қатысты. Соңғы 5 жылда ТЖМ ұшқышсыз аппараттар паркi 6 еседен астам ұлғайғанын және осыған байланысты дрондарды басқару бойынша мамандарды даярлау қажеттілігі туындап отырғанын атай кеткен жөн. Сонымен қатар полигон базасында ТЖ волонтерлердің республикалық форумы өтті.

Биылғы жылы елімізде Алматы қаласында Қазақстан, Беларусь, Болгария, Ресей, Словакия, Чехияның ең мықты спортшыларының қатысуымен өткен ұлдар мен жасөспірім ұлдар, қыздар мен жасөспірім қыздар арасындағы өрт-құтқару спорты бойынша әлем чемпионаты өтті. Онда ұлттық құраманың ұлдар мен жасөспірім ұлдар, қыздар мен жасөспірім қыздар командасы «Жауынгерлік қанат жаю» бойынша екі дүркін әлем чемпионы атанды. Сондай-ақ биылғы күзде Көкшетау қаласында ҚР Төтенше жағдайлар министрінің кубогіне қоян-қолтық ұрыстан біріншілік турнир өткенін атай кеткен жөн.

Еліміздің өртке қарсы және құтқару қызметтерінің мамандары өз өмірін қатерге тігіп, азаматтарды құтқару жолында аянбай еңбек етіп келеді. Қызметтік міндеттерін атқару кезінде осы уақытқа дейін 73 қызметкер қаза тапқан екен. Олардың еңбек жолы мен ерлік істері қашан да жалғамызда. Азаматтық қорғау органдарының қызметкерлері өздерінің қызметтік міндеттерін күнделікті орындай отырып, басқаларды құтқару үшін өз өмірін қауіпке тігіп, өздерінің кәсібилігі мен жанқиярлығын дәлелдеп келеді.

Республика күні қарсаңында Шымкентте қалалық Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы этномәдени бірлестіктердің атсалысуымен «Қазақ дастарханы – береке бастауы» атты дәстүрлі фестиваль өтті.

Назгүл НАЗАРБЕК, Шымкент қаласы

Өткен жылдары ет асудан, қазақтың ұлттық тағамдарын әзірлеуден және ұлттық тағамдардың дайындаудан өзара сайысқа түскен этнос өкілдері биыл қазақ тағамдарынан дастархан жайып, қалың көпшіліктің назарына ұсынды. Ортақ қазанда ет асып, әр үстел басындағы қонақтарға түрлі ұлттық тағамдар мен табақ тарту арқылы қазақтың салт-дәстүрі мен дастархан мәдениетін менгерген жұртшылыққа паш етті.

Этнос өкілдерін бір арнаға ұйыстырып, маңызды құндылықтарды дәріптейтін фестивальдің мазмұнын тілге тиек еткен Шымкент қалалық Ішкі саясат және жастар істері жөніндегі басқармасының басшысы аталған іс-шараның жалпыұлттық құндылықтарды ескелен ұрпақ жадында жаңғыртуға септесетінін айтты.

– Өткеніміз бен бүгінгімізді салыстырған жағдайда бүгінгі іс-шараның мәнін ұғу аса қиын емес. Кеңестік дәуірде қазақ еліне



ҚАЗАҚ ДАСТАРХАНЫ – БЕРЕКЕ БАСТАУЫ

жер аударылғандар алдыңғы буынның кең пейілі мен дархан дастархананың арқасында осы күнге аман-есен жетті. Сыйластық, достық, қонақжайлық – бұл ұғымдар барша отандастарымыздың дүниетанымы мен өмір салтының негізінде жатыр. Осындай құндылықтардың арқасында біздің ортақ үйіміз – Қазақстанда бейбітшілік пен қоғамдық келісім сақталып отыр, – деді басқарма басшысы Айгерім Жұмағұлова.

Дастархан басында бата берген қалалық ҚХА жанындағы Ақсақалдар кеңесінің төрағасы Орынбай Рахманбердиев:

«Қазақ дастарханы» фестивалінің мақсаты – ас ішіп, ыдыс босату емес, бүгінде баршамыздың Қазақстан деп аталатын мемлекетте тату-тәтті ғұмыр кешіп жатқанымызды жұртшылыққа жеткізу, бір қазаннан ас ішіп, бір дастархан басында бас қосып, өзара сыйластықпен, татулықпен тұрып жатқанымызды көрсету», – деді.

Фестиваль барысында қалалық Салт-дәстүр және әдет-ғұрып орталығының мамандары ұлттық қазақтың салт-дәстүрі мен ұлттық тағамдары туралы жан-жақты мағлұмат берді.

Биыл аталған іс-шараға алғаш рет қатысқан қалалық «Ассамблея жастары» ұйымының өкілі Нурали Гүсейінов «Қазақ дастарханы» фестивалі көңілінен шыққанын айтты.

– Үлкен атам бізге қазақ халқына құрмет көрсету туралы жиі айтатын. Жер аударылып, Қазақстанға келгенде қазақтардың бауырына тартып, дастарханандағы нанымен, құртымен бөліскенін көп еске алатын. Ішіп-жеуден қиналғанда қазақтардың үйіне шақырып, бата дастархананы ашқанда әрқайсысымызға бір-бір құрттан немесе бір үзім наннан тиіп, бақыттан басымыз айналатын дейтін. Қазақ дастарханы – береке бастауы. Себебі қаншама ұлт пен ұлысты демеп, қолындағы барымен бөлісу кез келген халықтың қолынан келе бермейді. Өз басым қазақ еліне, қазақ халқына, қазақ дастархананы және қазақтың кең пейіліне айтар алғысым шексіз, – дейді Нурали Ахмадұлы.

Айта кетейік, Қазақстан халқы Ассамблеясының «Қазақтану» жобасы аясында қолға алынған «Қазақ дастарханы» фестивалі алғаш рет 2015 жылы Шымкентте қаласында бастау алған болатын. Жыл сайын түрлі форматта өтетін фестиваль қалалық ассамблеяның ұйытқы болуымен биыл тоғызыншы рет ұйымдастырылды.

СПОРТ

19 ҚАЗАН 2024 | СЕНБІ



Футболдан ұлттық құрама тізгінін ұстағанына төрт ай болған Черчесовтың басы тағы да дауға қалды. Бұл жолы да тіл мәселесіне келгенде сүрінгені бар. Оның паңдана жауап бергеніне федерациядағылар бой үйреткенімен, жанкүйер риза емес. Федерацияның әлеуметтік желідегі парақшасын аша қалсаңыз, #Черчесоваут хештегінен аяқ алып жүре алмайсыз.

БАПКЕР НЕДЕН МҮЛТ КЕТТІ?

А Айзат АЙДАРҚЫЗЫ

ЖЕҢІСТІҢ АУЫЛЫ АЛЫС ПА?

Иә, жергілікті футбол федерациясы Станислав Черчесовты барынша «ақтап» жатыр. Оның қазақ тіліне құрмет көрсететінін, рәміздерді сыйлайтынын айтып әлек. Бірақ ашынған жанкүйердің қарасы көп. Өйткені бұл қазақ тілінің статусына қатысты екінші жағдай еді. Алғашқы оқиғада бапкер Нұрсұлтан Құрманның қазақша сұрақ қойғанына «шыдай алмады». Сонда федерация тарапы оның қазақ тілін үйрететін курсқа жазылғанын хабарлаған-ды. Ал екінші жағдайда баспасөз мәслихатында қазақша сұрақ қойған журналиске «Сен француз тілінде сөйлеп отырсың ба?» деген еді. Сонда журналист ПСЖ клубының жейдесін киіп отырған. Мұны Черчесов астарлы әзілмен жеткіздім деп ойласа керек. Арты қоғамда резонанс тудырып, 200 АЕК аркаларын болжамаған тәрізді.

«Ұлттық құраманың Ұлттар лигасындағы ойыны көңіл көншітерлік емес. Мамандар да, жанкүйерлер де риза болмады. Меніңше, мұның бірнеше себебі бар. Алғашқысы, кейінгі екі жылда жеткен нәтижеден соң, жанкүйердің күтері көп. Оның үстіне бапкер ауысты, Ұлттар лигасында «Б» дивизионына түстік. Онда Норвегия, Словения мен Аустрия бар. Салыстырсақ, олар бізге қарағанда әлдеқайда қуатты. Мысалы, Аустрия мен Словения биыл өткен еуродолада доп тепті. Естеріңізде болса, Магомед Адиевтің кезінде Словениядан екі рет жеңілгеніміз бар. Норвегияға келсек, құрамада әлемдік деңгейдегі ойыншылар бар әрі олар «Б» тобындағы көшбасшы. Сондықтан топтан жоғары көрсеткішпен шығатынымызға мүмкіндік аз-ды. Сол себепті футбол федерациясы көпшілікті алдағы нәтижеге арнайы дайындап, Ұлттар лигасында «оңай шағылар жаңғаққа» тап болмағанымызды түсіндіруі керекті. Сонда ұлттық құрамаға қысым аз болар ма еді», — дейді спорт журналисі Всеволод Хван.

нимен өткен соңғы кездесуді алайық. Сонда дебют жасаған Асхат Балтабековтың жасы 30-да, Жан-Әли Пайруз 25-те, Ұлар Жаксыбаев 29-да. Ал әлемде футболшылар кемінде 19 жасынан карьерасын бастап, орташа есеппен 35 жасында мансабын аяқтайды. Қазақстанмен салыстырғанда жер мен көктей айырма бар. Яғни, жанкүйерлер резервті жасақтап, жастарды жинақтап жатқанынан бейхабар.

ҚҰРАМА ӨЗАРА ДҮРДАРАЗ БА?

Бұдан бұрынғы бапкер Магомед Адиевтің кезінде жанкүйерлер бірігіп, «Астана Аренада» 30 мың адам «Атамекенді» шыркады. Тіпті, Еуропа чемпионатына шығатын мүмкіндік болды. Командадағы атмосфераға тәнті болып, қорғаушы Әліп пен федерация президенті Бәрменқұловтың видеосын күтетін болдық. Мүмкін ұлттық құрама ішінде салқын жел ескен болар?

«Турнирлік кесте өзі-ақ сөйлеп тұр. Үш жеңіліс, бір тең ойын. Үш жеңілістің екеуінде ірі есеппен ойсырай ұтылды. Ресми

көздердің мәліметінше, бас бапкер мен кейбір ойыншылар арасында қарым-қатынас жақсы емес. Бұл ойынға да, құрамадағы ішкі климатқа да әсерін тигізеді. Словениямен ойында Самородовтың алаңға шықпағаны, Оразовтың тізімнен тыс қалғаны сұрақ туғызады. Бас бапкерге келсек, өз басым Черчесовты анау айтқандай маман дей алмаймын. Бұрын қақпашы болған. Осыған дейін ортаңқол Венгрия чемпионатындағы «Ференцварош» клубын баптады. Керемет нәтиже көрсеткен жоқ. Еуропа додаларында, халықаралық жарыста көзге түскен жоқ. Ресей құрамасымен өз жерінде өткен әлем чемпионатында бағы ашылғаны рас. Бұдан кейінгі жарыстарда көзге түскен жоқ. Сарапшы ретінде ойын тактикасына да, техникасына да көңілім толмайды. Тіл мәселесі бойынша дауға қалғаны тағы бар. Меніңше, өз еркімен отставкаға кеткені жөн болар», — деді спорт сарапшысы Ардақ Тоғым.

Сарапшы сөзін спорт сайттары да растап отыр. «Тотальный

түсінген сынағайы. Әрі Черчесовтың келе сала осындай мінез көрсеткені ойыншылар арасында түрлі пікір тудырған.

Алайда спорт журналисі Всеволод Хван құрама көңіл күйіне әсер етуді әр бапкер өзінше түсінетінін айтады. Бұл тұрғыда кейінгі төрт ойынға қарап Черчесовты айыптай алмайтынын алға тартты. Өйткені үзіліс кезінде оның жігіттерді қалай жігерлендіретінін, не айтатынын көзбен көрмегені тағы бар. Қазақстан құрамасының аяқалысын қалған ойынында байқаймыз деп отыр. Оның айтуынша, не дегенмен Черчесовтың қандай нәтиже көрсететіні, келісімшартын үзіп-үзбейтіні алда белгілі болады.

«Черчесов қойған тактикаға келсек, ол командаға өзінің бар білгенін сіңіріп жатыр. Яғни, оған бірнеше ай аз болған сынағайы. Сондықтан бас бапкерге әлі де уақыт керек», — дейді ол.

Иә, Станислав Черчесов осыған дейін Ресейдің алты, Аустрияның екі және Венгрияның бір клубын жаттықтырған. 2016-2021 жылдары Ресей құрамасын баптады. Қазақстан құрамасы тізгінін ұстағанында Венгрияда жұмыс істеп көргенін, енді өзіне ыңғайлы ортада жұмыс істегісі келетінін жеткізген-ді. Сондағысы Қазақстанда бәрі орыс тілінде сөйлейді деп ойласа керек. Оның үстіне, Әділет Бәрменқұлов БАК-қа берген сұхбатында бас бапкердің келер жылдың

«Ұлттық құраманың Ұлттар лигасындағы ойыны көңіл көншітерлік емес. Мамандар да, жанкүйерлер де риза болмады. Меніңше, мұның бірнеше себебі бар. Алғашқысы, кейінгі екі жылда жеткен нәтижеден соң, жанкүйердің күтері көп. Оның үстіне бапкер ауысты, Ұлттар лигасында «Б» дивизионына түстік. Онда Норвегия, Словения мен Аустрия бар.



Жалпы, Станислав Черчесов — футболдан ұлттық құраманың 21-бапкері. Ол бұған дейін ұлттық құраманы жаттықтыруға бел шешкен он шетел маманының бірі. Федерация аттай қалап алдырған бапкер бір жолдастық кездесу, төрт ресми ойын өткізіп үлгерді. Әзірге жеңіс дәмін татпадық. Соңғы рет жолдастық кездесуде ғана гол соққанымыз тағы бар.

Оған қоса спорт сарапшысының айтуынша, тағы бір себеп — құрамада буын ауысып жатыр. Бірнеше негізгі ойыншыны жасарта алмаймыз. Ал кейбір позицияда жас ойыншылар керегі көрініп-ақ тұр. Оның пікірінше, бұл — қалыпты құбылыс. Әрі нағыз мәселе осы болуға тиіс. Өйткені тәжірибелі ойыншыларды алмастыратын жас футболшылар жоқтың қасы. Мысалы, Слове-

төрт ойын қатарынан гол соқпады. Командадағы нәтижеге жауапты біреу болса — ол бапкер. Тактика тұрғысынан да, психология тұрғысынан да құрама бұрынғы нәтижесін қайталай алмады. Бұған себеп те бар. Дерек-

футбол KZ» телеграм арасында Исламбек Қуат пен бас бапкер арасында дау туғаны жазылғанды. Құраманың бірінші жаттығу жиынында екеуара сөзге келген деседі. Ойыншы содан кейін-ақ құрамаға шақырылмайтынын

наурыз айына дейін нәтиже көрсететініне кепілдік беріп отыр. Ал қазақ тілін үйренуі туралы осетин тілімен ұқсас сөздерді білетінін, үйреніп жатқанын нұсқады. Тілдің деңгейін де, ойын мәнерін де алда бақылаймыз...

«Күлкінің жеңбейтін дұшпаны жоқ».

Бауыржан Момышұлы

«АРА» – ара болады, шаққан жері жара болады».

Оспанхан Дубақіров

«Күле білу – өмір, күлдіре білу – өнер, күлкі болу – өлім».

Сейіт Ненжеахметұлы

АРА



№132

19.10.2024 ж.

«Айқынның»
САТИРАЛЫҚ ҚОСЫМШАСЫ



САҚАЖЫМНАН САҚАУ БОЛДЫМ

Ойбай, мына мен жаман ауруға тап болдым. Бірақ шошымандар, қолдарыңыздан келсе көмек беріңіздер. Жасыма жетпей осы дерт денеме жабысты. Айтпасам болмайды. «Ауруын жасырған өледі» дейді, мүмкін емі табылар... Иә, шынымен де сырқаттың да түрі көп екен-ау. Жұрт секілді белің ауырғанда қойдың майын жағып, басың сыздап, табаның мұздап, ішегің шұрылдағанда бір уыс дәріні ішіп жіберіп, құлан таза айғып кеткен қандай тамаша! Менің сырқатымның диагнозы белгісіз. Емханаға барсаң, дәрігерлер алыстан таяқ лақтырып шошып қарамайды. Жанға шипа боларлық дәрі-дәрмектері де жоқ. Ауру жаман. Дертімнің алдын алу жолдары әлі зерттелмеген. Жұқпалы ма, жұқпалы емес пе, жұмбақ? Әсіресе, сайлау кезінде жаман қозады. Жынданып кетуге қалдым. Несіне жасырамын жындыханаға да бір барып қайттым. Бірақ ол жерде ылғи сау адамдар жатыр. Иә, кәдімгі бет-жүзі таныстар. Яғни, бір-бір мекеменің тұтқасын ұстаған азаматтар. Мен түкке түсінбей қашып шықтым. Есім дұрыс, біреудің тұмсығын бұзғаным жоқ. Біреулер айтады, бұл ауруға қоғамда жүйкесі тозғандар, өмірден әділет, шындық іздегендер шалдығады дейді. Қайда, егер рас болса, елдің бәрі ауруын жасырып жүрген болар, ә?.. Тіпті, кімнен, қалай жұқтырып алғанымызды білмей басым қатты. Құдай-ай, қаралатын емші болса...

Өткенде әріптесім Берген Кәмен жаман ауруға шалдықты. Оның екі көзі қит етсе қыз-келіншектерге емес, айналадағы кемшіліктер мен алым-берімді көріп қоя беретін болды. Бұл қасиеті көпшілік адамдарға ұнамады. Екі көзі басына пәле болды. Шұқып алайын десе, көз керек қой. Қайда қаралса да ем қонбады. Ақыры өзін-өзі соқыр қылды.

Бірақ көзі көреді. Көрс де көрмегендей жүре береді. Тапқан емі сол.

Ал мен оған көп күлдім. Обалым жоқ, енді басыма келді. Көзімнің көргені былай тұрсын, екі құлақтың естімейтіні, қызыл тілдің сандырақтап сайрамайтыны жоқ. Кеше құлағым қалада бір дөкейдің мемлекет қаражатына бес қабат сарай салдырып жатқанын естіді. Сол-ақ екен, тілім сумаң етіп, аты-жөнін, өмірбаянын айтып үлгерді. «Тыныш, адамды жасына жетпей сақау қылғың келе ме? Одан да әңгіме керек болса, өсек айт, құрдастарыммен қалжыңда» десем, тілім көнбейді. Өлгілерді айтқаным жөн дейді.

Құлақ пен тіл қосылып, көз оларға куә болып, маза бермейді. Көр де тұр, бұлар менің түбіме жеткісі келіп жүр. Құдай-ау, екі құлағым неге әсем әуендерді естіп, тілім тәтті мен ашыны жалап, екі көзім табиғатты тамашалап, тым-тырыс артын қысып жөніне жүрмейді. Дұрыс па? Әй, қазір кім ішіп-жемейді.

Олардың да аузы бар. Шетелде оқитын ұл-қыздары, тума-туысы және бар. Жейтін адам жесін, алатын адам алсын, несі бар...

Міне, екі құлақ тағы бірденелерді қабылдап жатыр. Сүйір тілім былай дейді: «Қылмыс көп. Жастар бұзылды. Бай мен кедей көбейді. Ауру-сырқат тағы бар. Әйелдер бала табуды азайтты. Зорлық-зомбылық, тән сату бар»...

Тіліме қой деймін, қай-қайдағыны тізе бермей, біреу-міреу естіп қалар. Болашақта кадрлық ауыс-түйістердің көкесі енді болады дей ме, басымды қатырды. Қоятын емес, енді қайттым. Маскара, құлағым және бір хабарды шалды.

– Қала басшылығына бір крутой бизнесмен келеді. Бұрын бес рет сотталған, – дейді.

– Келсе қайтемін, – деймін.

– Ол тек алу мен сатуды біледі, – деп тілім қышып тұр.

– Сенің не жұмысың бар, нанымды же де, жөніне жүре бер.

Қарашы, жұрттың тілі тып-тыныш қой, жұтып қойған секілді, жат десем, «жатпаймын» деп тілім шап ете қалды. Көпшіліктің алдында суырылып әлгі бизнесменнің аты-жөнін айтқысы келіп еді, тілімді тісіммен қатты тістеп қалдым. Қырш ете қалды. Тістей-тістей бір күні сақау болатын шығармын. Ел арасында емші болса, көмектесіндерші...

Нұрлыбек ЖҮБАТҚАН

• ФЕЛЬЕТОН

ҚЫШЫҒАН ЖЕРДЕН ҚОЛ КЕТПЕС



Жарықтық Қожанасыр атамның да жүрмейтін жері жоқ. Көк есегіне көлденең отырып алып, жортқаннан жортып отырып Шымкентке де келіп жетті. Шырайлы қаланың шамы жылт-жылт етіп, Қожекенді қызықтыра түсті. Небір зәулім үйлер салыныпты. Көз тартар көшелер де көп. Осылай келе жатқанда алдынан бір топ әйел шулап шыға келді. Айтуларына, көпқабатты үйлерден алған пәтерлерінің сапасы сын көтермейді. Абай ауданы «Шұғыла» шағынауданы Нұрлы жол көшесінің асфальті тозған. Ирригация жүйесі салынбаған. Бұл жөнінде көше тұрғындары былтыр ақпан айында тиісті органдарға шағымданған. Бірақ осы күнге дейін нәтиже жоқ. «Қатырамыз» деп жауап бергендер тым-тырыс жатыр.

– Япыр-ай, көлдей тасып келе жатқан көңілім судай басылды ғой, – деп Қожекен есегінен түсті.

Тындап отырса, бұл Шымкентіңде шылық та, былық та аз емес. Айталық, коммуналдық саласына жауапты шенеуніктер бірінен соң бірі заңды белден басып, айыппұлмен жазаланып жатыр екен. Мегаполисті жылумен қамтамасыз ететін «Қуатжылуорталық-3» мекемесінің басшысы Асқар Булешовке кадр саласындағы былық-шылықтары үшін Еңбек инспекторы айыппұл салып кеткен. Ол аз болғандай, сол Булешовтің тікелей басшысы, қалалық Энергетика және инфрақұрылымды дамыту басқармасының басшысы Рзабек Мендіқұловқа антимонополия айыппұл салған. Бұл туралы

Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Шымкент қаласы бойынша департаментінің басшысы Е. Қосбаевтың уәжін тындап көрелік.

– Шымкент қаласының Энергетика және инфрақұрылымды дамыту басқармасы сұйытылған мұнай газын бөлу кезінде заңбұзушылықтарға жол берген. Нәтижесінде, басқарма басшысына 300 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынды, – дейді ол.

Р. Мендіқұлов осы қызметке биылғы қаңтар айында тағайындалған. Ал Шымкентте шырылдап сұйытылған газ іздеп жүрген жүргізушілердің жанайқайы көктегі Құдайға да жеткен болуы керек. Бірақ басқарма басшысы әкімшілік жазамен ғана құтылып, бүгінде жұмысын жалғастырып жатыр. Ол 1,1 миллион айыппұл төлеуі тиіс. Осы айыппұлды төлеп құтылды ма, жоқ па, бұл арасын тиісті орындар анықтай жатар.

«Қуатжылуорталық-3» мекемесі басшысы Асқар Булешовке қайта оралайық. Ол басшының міндетін атқарушы болып тағайындалған күннен өзгеше «өнер» ашты. Келген бойда кадрлық сапырылыс жасап, қаланы у-шу етті. Біліктілікті тексеру комиссиясы дегенді желеу етіп, биліктегілерді жаппай қудалай бастаған. Шағымданушылардың айтуларына қарағанда, жаңа басшы жұмысшыларға әртүрлі қысым көрсеткен. «Өз еркімен арыз жазып кетуден» бас тартқандарды біліктілікті тексеру комиссиясына салыпты. Ал босаған орындарға басқа адамдарды қабылдай қойыпты. Олардың Асқарға ағайындығы бар ма, жоқ па, мұны да бір тексеріп қойған артық болмайды дейді шағымданушылар.

Бір таңырқатарлығы әрі ең сорақысы сол, жаңа басшы бұған дейін прокуратура органдарында жұмыс істеп жүріп сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны үшін сотталған, мемлекеттік

мекемелерде жұмыс істеу құқығынан өмір бойы айырылған Данияр Толыбаевты жәсіпорында офицер-комплаенс лауазымына тағайындауында қандай сыр жатыр? Ал «комплаенс» деген лауазым антикордың ұсынысы бойынша соңғы жылдары жемқорлыққа айналған жана штат. Ол мекемеде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне мониторинг жасаумен айналысады. Сонда Булешов жемқорлықпен сотталған адамға жемқорлықпен күресуді тапсырып тұр ғой.

Тағы бір таңырқатарлығы, Шымкент қаласының еңбек инспекциясы тексеру жүргізіп, арызда көрсетілген мән-жайларды растаған. Шырылдап шағымданушылар жұмыстан заңсыз шығарылыпты. Сондай-ақ жемқорлықпен сотталған Толыбаевтың жемқорлықтың алдын алумен айналысатын офицер-комплаенс лауазымына жұмысқа қабылдануы заңға қайшы екенін ескертіп, заңсыз бұйрықтың күшін жою жөнінде нұсқама берген. Бірақ бұған бағынатын Булешов пе, Шымкент қаласының мамандандырылған әкімшілік сотына шағымданады. Әрине, соттағылар оның арызын қанағаттандырмаған. Бірақ Асқар апелляциялық шағым беріп, оңайлықпен есеп жібермейтінін дәлелдеуге барын салып жүрген көрінеді. Соттағылар соқыр болмаса, соңғы сөздерін айта жатар.

Осылай Шымкентіңде өзбырлық, өзмілірмендік өзгеуіп тұр. Мемлекеттен бір тын да алмай, жап-жақсы жұмыс істеп келе жатқан бір мекемені тартып алу күресі қызу жүріп жатыр. Құдай ақырын берсін, әкімшілік шабуылын үдеткені сонша, мәселені мәслихат алдына шығарып, өзіне жаққан блогерлерді, депутаттарды сайратып қойды.

Тағы бір таңырқатарлығы, Асқар Булешов те, Рзабек Мендіқұлов та Шымкент қаласының әкімі Ғ. Сыздықбековтың сеніп қойған кадрлары деседі. Сенген кадрлары ұятқа қалдырып жатқанда әкім мырза ойланар ма екен, әлде жаңа жүрістерін жалғастыра берер ме екен?

– Қазақ «қышыған жерден қол кетпес» деуші еді. Сіздерге қышыған жерді бірден басатын дәрі керек екен. Мыналарын шырайлы шаһар атына лайық емес екен, – деген Қожанасыр жарықтық есегін кілт бұрып, жөнеп кетті.

Алған бағыты Астана жақ көрінеді...

Талаптан ТАЙЛАНБАЙҰЛЫ



Бір ауылда тұратын Көмекбай деген құрдасым «Ауылдағының ауызы сасық» дегенді түсінбей, ауызын күндіз-түні жуа беріпті. Соны естіп күлгенім бар. Енді кеше Майлыбек деген құрдасым келді. Қабағы түсіп, әбіржіп кетіпті. Өзінің де пошымы пәлендей келісіп тұрған жоқ еді. Бүгін тіпті жаман-ақ.

Қазақта: «ауызы қисық болса да байдың баласы сөйлесін» деген бар еді ғой, қазір «ауызы қисық болса да бастықтың баласы сөйлесін» дейтін болды. Майлыбек қайда барса да оған сөз бермейді екен.

Оған біреулер астарлап сөйлеп, «сенің ауызың қисық емес» депті. Майлыбек оны қайдан білсін? Енді ол қайтеді туғанда ауызы шүрткі болса, аузы шүртіп жүргені сол. Өткенде жиналыста тым-тәуір бірдеңе айтқысы келген ғой, бір қайқаңдаған хатшы қыз келіп:

– Ағай, сіз сөйлемейсіз, ауызыңыз қисық емес, – десе керек.

– Айналайын, ауызым қисық болмаса оған кім кінәлі? – деп Майлыбегім шап ете қалыпты. Ол мақалды тікелей қабылдаған болуы керек.

– Я ничего не знаешь? – деген әлгі қыз. Майлыбек түк түсінбеген.

Мен де түк түсінбедім. Жақында Құрболат деген құрдасым өзінің халық қалаулысы болуға лайық екенін іштей сезіп, сайлануға ұсыныс түсіріпті. Оның да құжаттарын қабылдамай қойыпты. Өйткені ауызы қисық емес...



Тағы бір Түктібек деген қол-аяғы жүн-жүн, қап-қара, өгіздей құрдасым бар. Бейшара биыл қалаға көшіп келіпті. Жұмыс сұрап қаншама есікті қақса да, ауызының қисық еместігінің кесірінен еш жерге қабылданбапты. Амалы құрыған Түктібек аузын қисайту үшін көшедегі бұзақыға барып жалыныпты.

– Амансың ба, бауырым?

– Иә, аман болғасын жүрміз, – депті әлгі тентек.

– Бір шаруа бер еді.

– Айтыңыз.

– Менің ауызымды қисайтып бересің бе?

– Қуасың ба не?

– Жоқ, шын айтамын.

– Сосын сотқа бергің келіп тұр ма?
– Өліп кетсем де сотқа бермеймін, өтінемін, ауызымды қисайтып берші. Керек десең ақша беремін, – деп Түктібек тізерлеп отыра кетіпті.

Әлгі көшедегі сотқар аң-таң. Біреу талтүсте таяқ жеу үшін қолына ақша ұсынып тұрса, қалай таңғалмасқа...

– Қанша бересің? – деді бұзақы.

– Бес мың теңге, жете ме?

– Жетеді, онда менімен жүріңіз, – деп үйдің бұрышына барып Түктібекті аузынан жұдырықпен салып-салып жібереді. Туғалы адам баласынан таяқ жемеген, амалы құрыған Түктібектің ауызы қара қан болады. Екі тісі сол жерде түсіп қалады. Бірақ ауызы қисаймапты. Сол баяғы қалпы. Бейшара құрдасым да мақалдың төркінін түсінбеген ғой. Тектен-текке таяқ жеп алды. Бірақ түсінбесе өзінің обалы жоқ. Мен де қиналып жүрмін. Ауызым өзіме ұнамайды...

Ерсін ҚАЙРОЛЛА



Бүгін жексенбі. Әйелім бала-шағасымен төркін асып кетті. Қашып кеткен жоқ, балаларым нағашыларын ұмытып қалмасын деп төбе көрсетуге жібердім. Жалғыз жатсам да ұйқым қанбады. Таң атпай шырылдаған есіктің қоңырауынан жындынып ояндым.

Осы жұрт неге маза бермейді?..

– Кім бұл?

– Ағай, мен ғой, Торсық.

– Айналайын, Торсық емес, борсық болсаң да ертелеп біздің үйді неге мазалап тұрсың?

– Ағай, папам танкі сатып алып еді ғой, соны келіп көріп кетсін дейді.

– Танкі, кіммен соғысайын деп жатсыңдар? Қарағым, папаңа сәлем айт, самолет сатып алса да, баратын уақытым жоқ. Бар, тайып тұр...

Айқайлап қуып жібердім. Төсегіме құлай кеттім. Есікті біреу тепкілеп жатыр. Осы жұрт жынды ма?..

– Кім бұл? Қоңырауды баспайсың ба?

– Кешіріңіз, қоңырау жасамайтын шығар дедім. Мен ғой, Қопаштың баласы Нөкенай...

– Иә, неменеге келдің?

– Папам суда жүзетін үлкен корабль сатып алып еді ғой, соған келсін дейді, көрімдігін берсін дейді.

– Папаның есі дұрыс па? Бұл ауданда теңіз түгілі аяқпен кешетін шалшық су жоқ. Корабльді қайтеді?

– Ағай, келесіз бе, келмейсіз бе? Келмесеңіз, тізімнен сызып тастаймын.

– Бармаймын, бар, әкеңе сәлем айт... Жұрт сияқты үйде ешкім жоқта бір тынығып алайын десең, міне, көретін күнің осы. Корабль деген қымбат емес па? Оны қалай сатып алған?

Осы жұрт қалай байып кетеді?..

Біреу терезені тырсылдатып тұр. Жапқышты ашып қалсам көршінің баласы екен. Терезенің форточкасына айқайладым.

– Есік тұрғанда терезені неге қағасың?

– Ағай, бәрібір емес пе?

– Иә, жай жүрсін ба?

– Қатты жүрсем терезенің сынып кетер еді.

– Қылжақтамай шаруанды айт, – дедім ашуланып.

– Папам Ташкенттен үй салатын қырық өзбек сатып алды, соған той жасап жатыр. Тойға келсін дейді.

– Өзбек сатып алғаны қалай, бұл адам саудасы ғой. Бұл – қылмыс.

Осы жұрт не боп барды?

– Сіз тойға келесіз бе, келмейсіз бе?

– Келмеймін.

– Неге?

– Шаруаң болмасын, табаныңды жалтырат...

– Қызғанып тұрсыз ба? Ішіңіз тар екен? – деді де әлгі жүгірмек терезеге былш еткізіп бір түкірді де, тайып тұрды. Мына баланың қорлығы өтіп кетті. Бұлар қонаққа шақырғанымен қоймай, адамның жүйкесін тоздырып кетеді.

Осы жұрт не істеп пысық болады?..

Ойланып жатырмын, бұрын қазақ келін түсіргенде, құда келгенде қонаққа шақыратын еді. Қазір не болса соған шақыратын болған ба? Тағы біреу есікті соққылап жатыр.

– Соншама ұрғылап не болды?

– Енді талтүсте есікті жауып алып не істеп жатсыз? – дейді маған.



– Жексенбі күні демалып жатырмын. Онда сенің не шаруаң бар?

– Ағай, біздің папа деген аудан әкімін, аудандық ішкі істер бөлімін, жер комитетін, қаржы басқармасын сатып алды ғой.

– Қалай?

– Мен қайдан білейін.

– Көкем-ау, олар зат емес қой сатып алатын?

– Білмеймін, сатып алды.

– Мәдениет үйінің директорын неге сатып алмадыңдар?

– Папам айтады, олар мәдениетті қайыршылар ғой, – дейді.

– Папаңа айт, министрді сатып алса да бара алмаймын, ұқтың ба?

– Ағай, көре алмайсыз ба не?

– Иә, көре алмаймын, – дедім жындынып.

– Қазақ сол ғой, «бар болса көре алмайды, жоқ болса бере алмайды» дейді әлгі бала. Өзінің жасына жетпей мақалшылын қара.

Осы жұрт бәрін қалай сатып алады?..

Осыдан кейін ұйқы бола ма? Есікті ашып тастадым да, беті-қолымды шайып, теледидарды қостым. Тым жақсы жарнама қарап отыр едім, біреу кіріп келді.

– Ассалаумағалейкум, аға.

– Уағалейкумассалам, бұл қай бала?

– Мен ғой, Жанталаптың баласы Қанталап.

– Иә, папаң қонаққа шақырып жатыр ма?

– Папам ақша жеп, былтыр ше елге қашып кеткен.

– А, жолы болсын, жай жүрсің бе?

– Мамам айтады, біздер ауданды түгел сатып алып едік қой, соған құжаттарын алып келсін дейді.

– Ауданды халқымен сатып алса, мен де сатылып кеттім бе?

– Иә, солай шығар, оны маманнан сұраңыз.

– Айналайын, қайда шақырып жатыр?

– Үйге.

– Жақсы, міндетті түрде барамын, рақмет.

Бұған бармасам болмайды. Ауданды қалай сатып алған? Біз бір машина сатып алуға қаражат таппай отырмыз.

Қыруар қаржыны қайдан алады?

Осы жұрт қалай жейді?..

Нұрлыбек ЖҮБАТҚАН

КҮЛКІ КЕРУЕНІ

ЖАТЫПАТАР ЖАҢЫЛТНАШ

Құр бекерге жатпайық,
Кел, жаңылтпаш жатпайық!
Жаңылтпашты жатпаған
Құрдастарды жатпайық.
Құр бекерге жатпайық,
Кел, жаңылтпаш жатпайық!
Жатпағанға жаңылтпаш
«Үздік» деген ат лайық!
Кел, жаңылтпаш жатпайық!

Астана – менің жас қалам,
Жас қала – менің Астанам!
Астана – менің бас қалам,
Бас қала – менің Астанам!
Астана – менің Астанам!

Мединаның анасы – Марал,
Мединаның анасы – Самал,
Адинаның анасы – Жамал,
Қалманың анасы – Амал.

Марал – Мединаның анасы,
Самал – Мединаның анасы,
Жамал – Адинаның анасы,
Амал – Қалманың анасы.
Кім кімнің балды анасы,
Байқан бір өзің қарашы?

Тағатта сағат бар ма?
Тағатта сағат бар ма?
Тағатта сағат бар болса,
Тағат сағатын Тағатқа берсін!

Қорғабай қорғанды қорғайды,
Қорғабай қорғанды қорғамаса,
Қорғабайдан басқа қорғанды
кім қорғайды?

Асу, ашу, ас су, аз су,
Аз су, ас су, ашу, асу.

Қазақ-Қырғыз бір туған,
Қырғыз-Қазақ бір туған.
Тәі менен ділі бір,
Ділі менен ділі бір,
Аналарды екі ел жұрттынап.

Түйім күнге,
Күйім түнге ауысты.
Түйім күнге,
Күйім түнге ауысқаны жақсы ма?
Түйім күнге,
Күйім күнге ауысқаны жақсы ма?



AIQYN-LIVE

19 ҚАЗАН 2024 | СЕНБІ



Сымбат БАРСАҒАЗЫ,
Назарбаев зияткерлік мектебінің оқушысы:



МАРСТА ОТТЕГІ ӨНДІРЕТІН ТЕХНОЛОГИЯНЫ ДАМЫТҚЫМ КЕЛЕДІ

Ғарыш саласы – жаңа технологиялардың болашағы, аталған бағытта терең ізденіс пен ғылыми зерттеу жұмыстарының ұдайы жүргізіліп отыруы әркез өзекті. Жуырда Алматы қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің 10-сынып оқушысы Сымбат Барсағазы АҚШ-тың Хьюстон қаласында орналасқан NASA-ның беделді United Space School бағдарламасы аясында тағылымдамадан өтіп келген еді. Марсқа адам қондыру миссиясы жобасын әзірлеп қана қоймай, NASA-ның ардагер маманы Том Сан-зонмен кездесіп, ғарыш орталықтарын көзімен көрген қазақ қызы енді жиған білімі мен тәжірибесін отандық ғылымды дамытуда қолданғысы келеді.

– Сымбат, қазақ қыздарының сонау АҚШ-тың тәуелсіз агенттігі саналатын NASA-ға табан тіреуі – расымен қуанарлық жағдай. Ең алдымен тағылымдама турасында толығырақ айтып өтсең. Бұл қандай тағылымдама? Әлемдік деңгейдегі ғарыш агенттігіне қалай тап болдың?

– United Space School – әлемнің түкпір-түкпірінен таңдап алынған 45 оқушыны астрофизика, аэроғарыш инженериясы және биохимия салалары бойынша оқыту бағдарламасы. Тағылымдамаға келген балалар мұнда екі апта бойы Марс ғаламшарына аттанатын миссияны жобалайды. Бағдарлама аясында негізгі барлық жұмыс АҚШ-тың Хьюстон қаласында өтеді. Алғашында International Space Education, яғни осы мектепті құрған ұйымның поштасына хат жаздым, ал олар маған эссенін басты критерийлерін жолдады. Мен эсседе болашақта Марс ғаламшарына қолданғым келетін технологиялар туралы жаздым. Сонымен, арадан бір ай уақыт өткен соң сұхбатқа қабылданғаным туралы хабарлама келді. Сұхбат кезеңінде Біріккен ғарыш мектебінің үш директоры менен аэроғарыш ғылымындағы тәжірибем туралы сұрады.

– Аспан әлеміне деген ерекше қызығушылығың қайдан пайда болды? Зерттеу ісіне қадам басуыңа белгілі бір оқиғалар әсер етті ме?

– Ең алғаш 7-сыныпта мектептің зымыран клубына қосылдым. Мұнда біз өзіміздің зымыран модельдерімізді жасап қана қоймай, оларды аспанға ұшырдық. Сондай-ақ кейінірек мен KAZROCKETS қорының мүшесі атандым. Бұл командамен бірге 5 жастан асқан балалар ғарыш туралы бәрін біле алатын білім жинақтарын жа-

садым. Одан бөлек, аталған қор аясында ғарыштық қоныстар туралы хакатондар мен зымыран үлгісіндегі спорт жарыстарын ұйымдастырумен айналыстым. Осылайша, зымыран модельдерін жасаумен айналыса келе NASA-да тағылымдамадан өтуге қызығушылығым артты.

– Білуімізше, бағдарламаның тақырыптары жыл сайын қазіргі уақыттағы ең өзекті астрономиялық мәселелерге байланысты өзгеріп отырады. Биылғы тақырып қандай мәселеге арналды?

– Тағылымдамаға қатысқан барлық оқушының алдына қойылған басты міндеті – Марсқа аттанатын адамдармен басқарылатын миссияны жобалау. Бағдарламаға әлемнің 25 түрлі елінен 45 оқушы таңдап алына, ал мен күллі Азия құрлығы бойынша жалғыз өзім қатыстым. Тағылымдама барысында бізді 5 топқа бөліп қарастырды. Мен Марстағы астронавтардың өмірін қолдауға жауапты жасыл команданың мүшесі болдым. Мұнда біз үшін маңызды міндеттердің бірі – оттегімен қамтамасыз ету, радиациядан қорғау және т.б. болды.

– Мындаған шақырымды артқа тастап мұхит асу, әлемнің түкпір-түкпірінен жиналған кіл мықтылармен бірге білімді арттыру, тәжірибенді жетілдіру – нағыз жетістік. Осы ретте өзге елдердің ғарыш ғылымының даму деңгейіне қарап қандай ой түйдің? Қазақстандағы астрономия ғылымынан нендей айырмашылығымен ерекшеленеді?

– АҚШ-та, әсіресе NASA ұйымдары бар қалаларда балалардың ғарыш және астрофизика тақырыбына деген қызығушылығын кішкентай кезінен бастап арттыруға тырысады. Америкада оқушылар мұражайдағы ғарыш экспонаттарын таныстырып, өздерін осы салада белсенді көрсете біледі. Ғылымға деген осындай ерекше ынта мен ізденісті қазақ балаларының бойынан көргім келеді. Сондықтан біз қазір KAZROCKETS қорымен бірлесіп өзіміздің зымыран құрып, оны ұшыра алатын жинақпен айналысудамыз. Осылайша, мен сонымыздан еріп келе жатқан жас ерлердің ғылымға деген талпынысын арттыруға үлес қосқым келеді.

– Ғаламшардың әр түкпірінен жиналған қатарластарың еліміздің ғарыш саласы, соның ішінде Байқоңыр туралы біле ме?

– Әрине, көптеген астронавт пен инженер Қазақстанды Байқоңыр ғарыш айлағы арқылы жақсы біледі. Алайда Америкаға сапарымда мен өңгімелескен кәсіпқойлар әлі күнге дейін Байқоңыр қаласына барып көрмегенін айтады. Ал мен 2022 жылы Байқоңырдан Союз зымыранының ұшырылуын бақыладым. Шетелдік достарыма да зымыранның ұшырылып жатқан сәтінен видеосын көрсеттім.

– NASA-да тәжірибе жинақтау барысында қандай технология механизмдерін қолдандың?

– Жобаны жүзеге асыру үшін біз бұрыннан бар технологияларды қолдандық, бірақ барлық есептеу

болашақта 15 жыл ішінде күтілетін нәтижелер бойынша жүргізілді. Мысалы, Халықаралық ғарыш стансасында ауа жасайтын жүйенің өнімділігін (Oxygen Generation Assembly) 70 пайыздан 85 пайызға дейін ұлғайттық. Онымен қоса, ғарышкерлер үшін қолайлы атмосфера құру үшін озонды N2O цистерналары форматында сақтауды меңгердік. Өйткені мұндай әдіс қазір ауруханаларда кенінен қолданылады және оны нақты миссияларда коммерциялық тұрғыдан алу тиімдірек.

– Мұнда аэроғарышпен айналысқысы келген балалар үшін қандай мүмкіндіктер қарастырылған? Тағылымдамада теориялық маңызды рөл атқара ма, әлде практика басымрақ па?

– Тағылымдамада қарастырылған миссиямыз заманауи әрі ешкім сезіп-көрмеген Марсқа аттанушы болғандықтан, көбіне теориялық білімімізді қолдандық. Осының нәтижесінде тағылымдамаға қатысқан оқушылардың болашақта орындауға жоспарлаған жобаларына қызығушылығы одан сайын арта түседі. Оқушылар келешекте осы салада жұмыс істегісі келсе, негізгі тақырыптарды түсінуде де қиындық тумады.

– NASA-ның Джонсон ғарыш орталығы мен Хьюстон табиғи ғылымдар мұражайы ғылымда несімен ерекшеленеді? Нені байқадың?

– Джонсон ғарыш орталығында көрсетілген экспонаттың көбі ғарышта болған. Мәселен, мұнда ғарыш скафандры көрсетілген. Бұл – жай ғана модель емес, расымен

астронавтар киген киім. Мұражайда және орталықта көрсетілген технологиялардың басым бөлігі интерактивті, яғни адамның өзі олардың қалай жұмыс істейтінін көре алады.

– Қазір медиада Марстағы тіршілік туралы ақпарат кеңінен таралып жатыр. Ғалымдар да Марстағы тіршілік белгілерін анықтау үшін жылдар бойы зерттеу жүргізіп келеді. Ал сен келешекте Марс ғаламшарында қандай технологияларды қолданғың келеді? Бұл технологиялар несімен маңызды?

– Менің ойымша, Марс – біздің жаңа үйге деген болашақ үмітіміз. Қазір Artemis миссиясына белсенді дайындық жұмыстары жүріп жатыр. Оның нәтижесінде Қызыл планетамен жақсы байланыс орнату үшін ай базасын құру жоспарланып отыр. Сондай-ақ Марстағы ғарышкерлер үшін оттегі өндіруге көмектесетін MOXIE технологиясы бойынша эксперименттер жүргізілуде. Оның жалғыз проблемасы – машинаның өнімділігі мен жылдамдығы салыстырмалы түрде аз. Мен болашақта осы перспективалы технологияны дамытуға көмектескім келеді.

– Екі апталық тағылымдамадан елге оралған соң білімді тәжірибеде қолданып көрдің бе? АҚШ-тағы өмірің, NASA-да өз көзіңмен көрген қызықты деректер туралы достарыңмен бөлістің бе?

– Иә, Америкадан елге оралған соң айналамадағы адамдарға, қатарластарыма көрген-білген тәжірибемді, қызықты оқиғалар туралы айтып бердім. Одан бөлек, алған білімді қатарлас достарыма бөлісу мақсатында түрлі дәріс өткіздім. Жуырда өткен NASA Space Apps хакатонында ментор ретінде жұмыс істеп, қатысушыларды халықаралық ұйымның берген түрлі тапсырмасын шешуге бағыттадым.

– Болашақта өзіңді ғарыш саласының қай бағытынан көресің? Әлемде нені өзгертуге үлес қосқың келеді?

– Расында, Америкадан алған тәжірибем биомеханика саласында дамуға деген ұмтылысымды көрсетті, өйткені маған физика мен биология ғылымын бір технологияға біріктіру ұнады. Мені АҚШ-тағы оқу, әсіресе солтүстік-батыс университеттері қатты қызықтырады. Мұнда оқуға түсудің өзі қиын болғанына қарамастан, мен үшін Америкада білім алу, осында тәжірибемді жетілдіру қолайлы. Болашақта инженерия мен аэроғарыш ғылымдарының дамуына, әсіресе Байқоңыр қаласындағы зерттеу жұмыстарына көмектескім келеді. Келешекте біз сияқты жас мамандардың көмегімен еліміз осынау тарихи және технологиялық маңызы бар орынды өзі пайдалана алады деп ойлаймын.

– Әңгімеңе рақмет, Сымбат! Ғылым жолында толағай табыс тілейміз!

Сұхбаттасқан
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ



AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛТЫНСАЙЫЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Сағхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назғұл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Банн ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4511
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,